



Педагог

№3 (69)
(Мамыр-Май)
(Маусым-Июнь)
2022

Журнал екі айда бір рет шығады / Журнал выходит один раз в два месяца

Журнал 2011 жылдың қаңтар-ақпан айынан
бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля
2011 года на казахском и русском языках

Республикалық ғылыми-әдістемелік
педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический
педагогический журнал

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Г. Сахыбаева. Білім беру балабақша табалдырығынан басталады.....	3
Ұ. Бөтейева. Мектеп жасына дейінгі балалардың құрдастарымен ынтымақтастығын дамытудың ерекшелігі	6
А. Жангир. Ұлттың рухани көсемі.....	8
К. Есенова, С. Болат. Өзгені өзіне қаратқан педагог	10
М. Жанибекова. Б. Блум таксономиясы негізінде оқушылардың жоғары ойлау дағдысын қалыптастыру	13
С. Көпбосын. Дебат технологиялар негізінде жоғары сынып оқушыларын креативті ойлауын дамыту	17
Ж. Құдабаева. Ғылыми жоба жұмысы арқылы оқушыларының ізденушілік қабілетін дамыту	21
А. Утепбаева. Жаңартылған білім бағдарлама негізінде білім алушылармен топтық жұмыстарды ұйымдастырудың тиімділігі	25
Э. Құдайбергенова. Communicative methods of teaching English.....	30
А. Рамазанқызы. Әдеби шығармалардағы киносценарий	33
Б. Әкірам. Worldskills стандартына сәйкес балықтан ыстық тағам дайындап ұсыну	38
Т. Дакирова. Ертегілер еліне саяхат	40
Б. Аувакир, А. Оразғалиева, А. Джумабаева, А. Тастамбекова. 5-6 жас балаларына арналған «Жас зерттеушілер» вариативтік бөлім бағдарламасының мазмұны.....	45

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінде
15.02.2010 ж. Астана
қаласында тіркеліп, №10712-Ж
куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
27.05.2022 ж.

Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 320.
Басылым индексі: 74312

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<RADO Print>>
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА: РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім Академиясының вице-президенті.

А. Миразова — Алматы қаласы, №159 мектеп-гимназиясының директоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек Ері.

Р. Кіршібаева — Алматы қаласы, №145 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации РК в г. Астане. Выдано свидетельство №10712-Ж от 15.02.2010 г.

Подписано в печать 27.05.2022 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Подписной индекс: 74312

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

сот.т.: 8 777 1949458,

8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

<<RADO Print>>

г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасына жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны и сохранены в программе Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц, шрифт Times New Roman. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте на электронную почту (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.



Білім беру балабақша табалдырығынан басталады



**Гульмира
Абдрасиловна
САХЫБАЕВА,
ЖШС
«Dameli МК»
балабақшасының
директоры.
Әуезов ауданы,
Алматы қаласы.**


XXI ғасыр — білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр.

Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні мектепке дейінгі тәрбие ошағында берілді. Отбасында ата-ананың ықыласы мен мейірімімен нәр алған бала балабақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөленеді.

Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы — балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды. Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты

міндеттерінің бірі — өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине, бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

ЖШС «Dameli» МК балабақшасы 2018 жылдың 19 қарашасынан бастап қазақ және орыс тілдерінде жұмыс істеп келеді. Қазіргі таңда «Балапан» бағдарламасы бойынша 5 топ қосылып, барлығы 110 бала тәрбиеленіп, 6 тәрбиеші жұмыс жасауда. Тәрбиешілердің бәрі жоғары оқу орындарын бітірген. Балабақшаның күн тәртібі топтарға байланысты.



**Күн тәртібі:****«Балапан» ортаңғы тобы****Күн тәртібінің бөлімдері****Мерзімі (сағ, мин)****«Сәлеметсіңдер ме, балалар!»**

Танертеңгі қабылдау, ойындар.

Топтық қарым-қатынастар: қызықты қысқа мерзімді істерді бірлесіп жоспарлау. Ойындар, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне дайындық

8.00-9.00

Гигиеналық шаралар. Таңғы ас

9.00-9.10

«Ойнайық та, ойлайық»

Ұйымдастырылған оқу қызметі (үзілістерді қосқандағы жалпы ұзақтығы)

Тәрбиешінің балалармен бірлескен әрекеті

9.10-10.30

«Табиғат аясында»

Серуенге дайындық. Серуен. Табиғатпен танысу, ойындар, еңбек. Серуеннен оралу. Гигиеналық және сауықтыру шаралары.

10.30-12.30

«Ас дәмді болсын!»

Түскі ас

12.30-13.00

«Тәтті ұйқы»

Күндізгі ұйқы

13.00-15.00

«Ұйқымызды ашайық»

Ұйқыдан біртіндеп тұрғызу жатыңулары. Сауықтыру шаралары.

15.00-15.40

Бесін ас

15.40-16.00

«Алақай ойын!»

Сюжетті-рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар.

Серуенге дайындық. Серуен. Қимылды ойындар. Серуеннен оралу.

Гигиеналық шаралар.

16.00-17.40

«Ертеңге дейін...»

Балалармен, ата-аналармен қарым-қатынас. Еркін ойындар.

Балалардың үйге қайтуы

Балабақшада баланың толыққанды дамуының үлкен маңызы бар. Зерттеудің ұзақтығы, әдетте, 30 минуттан аспайды, сондықтан баланың шаршайтын уақыты жоқ.

Балабақшадағы негізгі іс-шаралар мен қосымша үйірмелер бар:

- музыкалық сабақтар;
- сөйлеуді дамыту бойынша сабақтар;
- дене тәрбиесі;
- бейнелеу өнері;
- логопед маманы;



- би үйірмесі;
- спорттық ойындар;
- бастапқы математикалық дағдыларды қалыптастыру.

Балалармен жүргізілетін барлық сабақтар баланың жасына сәйкес топтар бойынша жүргізіледі. Жоғарғы және дайындық топтарындағы сабақ уақыты кіші және балалар бақшасынан көп.

Балабақшада әр ай сайын әр топта белгілі бекітілген іс-шаралар мен мерекелік әдеби кештер ұйымдастырылып отырды. Сонымен қатар байқаулар мен сайыстарға тәрбиеленушілерді қатыстырып, оларды ынталандырып арнайы сыйлықтарымен және «Сен алғырсың!», «Талабыңа нұр жаусын!», «Жарқын жұлдыз», «Шебер қолдар», «Өнерлі ару», т.б. мадақтау қағаздарымен марапаттап, құттықтаймыз.

Өнерпаз бүлдіршіндеріміздің бірі «Звездочки» тобының тәрбиеленушісі — Унвер Айлин республикалық хореографиялық «Танцуют все» атты конкурсында «Санта Клаус» биін билеп, жүлделі 1-орынға ие болды. Мақтанышымыз әрі сүйкімді қыздарымыз үнемі даму үстінде.

Жақында сүйкімді бүлдіршініміз, жас та болса талантты, «Балапан» тобының тәрбиеленушісі — Қожалды Медина «Fashion Day 2022» сән көрсетіліміне қатысып, Дипломмен марапатталды.

Ұлдарымыз да жетістіктерімен қуанта біледі. Жақында Таеквондодан GTF Алматы қалалық чемпионатынан «Күншуақ» тобының тәрбиеленушілері ағайынды Жа-

нысов Мансұр мен Алихан жүлделі орындарға ие болды. Сол чемпионатта орыс тілді «Звездочки» тобының тәрбиеленуші Фазылов Исмаил 1-орынға ие болды.

Балабақша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз», «Балбөбек», «Қайнар» бағдарламаларының жобаларымен таныстыру мақсатында жаңа технологияны, халық педагогикасын, халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениеті туралы балалардың түсініктерін кеңейтіп отыруға бағытталған оқу тәрбие жұмысын жүргіземіз.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан: ол балаларға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Мұндай оқыту баланың интеллектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды, балаларға мінезін қалыптастыруға, байланыс тілді, логикалық ойлады, дүниетанымды дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін дамытушы орта құруға мүмкіндік береді.

Біздің мақсатымыз: Бар білгенімізді, асыл қасиеттерімізді, періште бөбектерге арнау. Олардың жүрегіне жол тауып өзіндік «Мені» бар дәрежеге жеткізсек. Отанды, азаматты сүюге тәрбиелесек. Нәзік жүректі жан дүниесін сезінуге, аялауға бағалауға үйретсек. Біздің балаларға береріміз, махаббат, сүйіспеншілік, мейірім, қамқорлық.



Мектеп жасына дейінгі балалардың құрдастарымен ынтымақтастығын дамытудың ерекшелігі



Ұлдана
Шалқарқызы
БӨТЕЙЕВА,
«Дәмелі»
балабақшасының
тәрбиешісі.
Әуезов ауданы,
Алматы қаласы.

Қазіргі әлемде болып жатқан интеграциялық процестер субъектілер арасындағы қатынастарды мемлекетаралық деңгейде де, жеке деңгейлерде де реттеудің мәдени тұрғыдан дәйекті әдістерін іздеуді қажет етеді. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Елбасының Жолдауында (2018, 5 қазан) мектепке дейінгі білім беру сапасын ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдыларды сонау бала кезден қалыптастыруды түбегейлі жақсарту керектігін айтты. Оның тетігі мектепке дейінгі білім берудегі 4К моделі арқылы баланың креативтілігін, сыни тұрғыда ойлауын, коммуникативтілігін жетілдіру, командада бірге ынтымақтастықпен жұмыс істей білу дағдысын қалыптастыруға мән беру қажет деп міндеттеді. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында» баланың креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға негіздел-

ген әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған деп міндеттер жүктейді.

Жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдығы, қазіргі білім беру үдерісінің негізінде жатқан гуманистік қағидат тұлғаның қалыптасуына ықпал ете отырып, ынтымақтастық, бірлесіп құру, серіктестік, ұжымда жұмыс істей білу сияқты қарым-қатынас түрін дамытуды қажет ететін әлеуметтік және рухани салаларда өзін еркін көрсетеді.

Өсіп келе жатқан ұрпақтың іс-әрекеттің әртүрлі түрлеріне, нақты өмірлік міндеттерді шығармашылықпен орындауға дайындығы мәселесі, жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда еңбек пен өмірге дайындығы қазіргі педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі. Әлеуметтік белсенді бала қоғамдық әрекетті меңгеру барысында өзін-өзі ұйымдастыру және ұжымдық іс-әрекет дағдыларын дамытады. Сондықтан жасөспірімдердің ұмтылыстарын жүзеге асыруда балалардың қоғамдық бірлестіктері - мақсаттарға жету үшін ортақ мүдделер негізінде біріккен балаларды қалыптастыру болып табылады.

Біз балалардың ұжымда жұмыс істеу дағдыларын ерте жастан бастап қалыптастыруды қажет ететін заманда өмір сүрудеміз. Мектеп жасына дейінгі балалардың ынтымақтастықта жұмыс істеу дағдыларын дамытуды оқу қызметінде, ойын барысында және серуен кезінде



дұрыс ұйымдастыра білу педагогтың шеберлігіне де тікелей байланысты. Шебер педагог әр баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып командаға бөлуді және тапсырма беруді жүзеге асыруы тиіс. Педагогтың мұндай біліктілігі баланың жұмыс істеуге деген қызығушылығы мен танымдық белсенділігінің артуына ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың командада жұмыс істеу дағдыларын дамытудың маңыздылығын айқындау мақсатында бірнеше тәжірибелер мен бақылау жұмыстары жүзеге асырылды. Осыған дейін жүргізілген тәжірибеге сәйкес балалардың жеке-дара жұмыс істеуіне арналған тапсырма берілді. Әр балаға өз бетінше мерекелік ашықхаттар жасау керек болды. Берілген тапсырманы орындау барысында балалардың бірінің өзімшілдігі басым болса, енді бірінің өзіне деген сенімсіздігі жұмыс жасауда қиындық тудырды. Осындай кемшіліктерді түзету

мақсатында «Дәмелі» балабақшасының «Звезды» ересектер тобында балалардың командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған «Құрастыру» ұйымдастырылған оқу қызметі өткізілді. Тәжірибеге сәйкес балалар түрлі-түсті пішіндерді құрастыру арқылы үш топқа бөлініп жұмыс жасады. Берілген тапсырмаға сәйкес балалар топтаса отырып киіз үй, үйшік және көліктің макетін құрастырды. Топпен жүргізілген жұмыс барысында балалардың тапқан бөлшектерін кезекпен орналастыра отырып жылдам құрастырып бітіруге деген ынтасы мен топтар арасындағы бәсекелестіктің күшейгені

байқалды. Сонымен қатар белсенділігі төмен балалардың да жұмыс істеуге деген қызығушылығы арта түсті. Өз кезегінде әр командада көшбасшылық қабілеті басым тәрбиеленушілер анықталды.

Аталған тәжірибеге ұқсас жұмыстарды ойын барысында «қояндар мен түлкілер», «қаздар мен аққулар» сияқты қимылды ойындарды, дидактикалық ойындарды пайдалану арқылы да жүргізуге болады. Ойын кезінде балалардың бір-біріне деген жанашырлық, қамқорлық сияқты сезімдерін байқауға болады.



Қорытындылай келе, мектеп жасына дейінгі балалардың командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту балалардың бір-біріне деген сыйластығы мен қамқорлығын арттырып қана қоймай, өзіне деген сенімсіздігін жеңуге, көшбасшылық қабілетінің артуына да септігін тигізеді. Ал осындай қасиеттерді бойына сіңірген баладан болашақта ұжымда белсенді жұмыс істейтін, бәсекеге қабілетті, танымдық белсенділігі жоғары тұлғаның қалыптасып шығары сөзсіз. Сол себепті де баланың құрдастарымен, ересектермен жұмыс істеу дағдыларын дамытуды ерте жастан бастаған өте маңызды.



Ұлттың рухани көсемі

*«Елге білім шашқанның, шөлден құдық қазып, су шығарғанның,
хикметтің сырын ашып, ғылым қалдырғанның иманы кәміл,
рухы мәңгі».*
(«Құран – Кәрім»)

Ахмет Байтұрсыновтың қазақ ой-санасының оянуы мен мәдениетінің өркендеуіне сіңірген еңбектері ұшан-теңіз. Ол шыншыл шығармашылық еңбектерінің иесі ғана емес, сөз қадірінің құпиясына үңіліп, тылсым сырын ашқан, әдебиет атты асыл өнердің болмысына бойлай білген ғұлама. Ахметтанудың негізін қалаушылардың бірі — ұлы Мұхтар Әуезов сонау кезде Ақанды «Ұлттың рухани көсемі», - деп бағалаған.

Сарыарқаның қасиетті Қарқаралы қаласы — қазақтың XX ғасырдағы азаттық қозғалысының бесігі болған. Демократиялық ой-пікірдің қалыптасқан орталығы саналған. Ахмет Байтұрсынов мектеп ашу арқылы балалардың сана-сезімін оятып азаттық қозғалысының не екенін көрсеткен тұлға. Бұл жердің табиғаты өте тамаша. Қаланы қарағай орманды көкорай әсем таулар қоршап жатыр. Табиғи сұлу көріністерді көрген адамның көзі тоятындай, құтты жер жәннаты.

Ахмет Байтұрсынов кейінгі ұрпағына «Басқадан кем болмас үшін біз



білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Ол үшін білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек. Осы керектердің жолында жұмыс жасау керек», - деп ұлағатты да ойлы сөздер қалдырған.

Қарқаралы ауданына қарасты Ақтерек деген ауылда өзі дәріс берген мектеп бар. Бүгінгі күндері жергілікті тұрғындар көне

ғимаратты кие тұтып сақтап отыр. Қазір мұнда мектеп жасына дейінгі балалардың шағын орталығы мен ауыл кітапханасы орналасқан. Маңдайшасында «Бұл үйде 1904-1908 жылдары Алаштың біртуар азаматы — Ахмет Байтұрсынов ұстаздық қызмет жасаған» деген тақта бар.

Қазақ елі үшін Ахмет Байтұрсынов ерекше тұлға, ол ұлттық жазулардың реформаторы, ірі ғалым — қазақ лингвистикасы мен әдебиеттердің негізін қалаушы, зерттеуші, көптеген оқулықтардың авторы.

Ақын Сырбай Мәуленов: «Ахан мөлдір таза тілімен өзіне сай қиыстырып көркем баламалар жазған. Асылдың тот баспайтын еңбектері мен ғылыми мұрасы, әдеби шығармалары



мен қанатты сөздері кейінгі ұрпақтар үшін таптырмас құнды дүние», - деп өте жоғары бағалаған.

Ахмет Байтұрсынов тіл білімінің атасы түркітану, қазақтану, қазақ әдебиеттану негізін қалаған. Айдауда, қиындық көріп жүрсе де туған халқын тар қапастан қалай құтқарамын деп тынымсыз еңбек жасаған.

Мұхтар Әуезов «Қазақ ұлтының өткеніне көз салғанда, оқыған азаматтардың артынан ерген күндері аз болса да, мағыналырақ тәуір күндердің бірі деп саналады», - деген.

Қазағым елім, қайқайып белің сынуға тұр таянып, талауда малың, қаммауда жаның, аш көзіңді оянып...

Енді бірде Қарқаралы түрмесінен Семейге айдалып бара жатқандағы жанайқайы:

«Жол көрсеттім қазақ деген намысқа

Жол сілтедім жақын емес, алысқа.

«Өзге ұлттар өрге қадам басқанда,

Дедім — сен де қатарыңнан қалыспа!» - деген екен.

Ұлт қайраткері қуғын-сүргінде жүріп, түрмеде отырса да, 14 кітап жазған. 1911 жылы «Әліппе» кітабы «А» әрпімен басталған, бұл «Ар» қазақтың қадірлі сөзі делінген.

Ахмет Байтұрсынов жалпыұлттық, бүкілхалықтық мәселелер арқылы туған елінің мүддесін шешу үшін қажырлы жұмыс атқарған. Ол қазақ зиялыларының рухани көсемі ретінде 1913 жылы ұлттық бейнересмилік «Қазақ» газетін шығарған. «Мектептің жаны — мұғалім қандай болса, мектебі де сондай болмақшы», - деген.

«Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны — «Қырықмысал», «Маса», «Қазақ» газеттерінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбектері, өнер-білім, саясат жолындағы қажымас қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі біледі. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды, - деген ұлы Мұхтар Әуезов.

Ахмет Байтұрсынов қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы. Ол жазған мектеп оқулықтары 1914-1915 жылдардан 1927-1928 жылдарға дейін пайдаланылып келеді. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын «Әліп-биімен» ашып, ана тілін «Тіл құралы» арқылы оқып үйренді. Сонымен бірге қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші тұңғыш филолог-ғалым және Қазақстан ғылымын алғашқы ұйымдастырушылардың бірі.

Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 150 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде және елімізде атап өтілуде. «Бір ел — бір кітап» акциясы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілетін ғалым, ақын, публицист, ағартушы, қоғам қайраткері және реформатор «Ұлт ұстазының» ғылыми мұралары мен шығармаларына арналған.

Алтангүл ЖАНГИР,

«Байқадам жалпы білім беру мектебі»

КММ бастауыш сынып мұғалімі.

Бұқар жырау ауданы,

Қарағанды облысы.



Өзгелі өзіне қаратқан педагог

Қоғамның негізгі көздеген бағыты білімді де дарынды жастар дайындау, ал білім берудің негізгі өзекті мәселелерінің бірі білім мен тәрбиенің қатар жүруі. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік, мейірімділік, батылдық, адалдық, әділдік, қайырымдылық, ізеттілік пен қоршаған ортаға жанашырлық сезімдерін сіңіруді әрбір ұстаз, әрбір пенде балаларға үлгі көрсетіп жүруі қажет.

Рафика Нұртазина — ұлттық педагогиканың негізін салушылардың бірі, Қазақстандағы көптілділіктің жаршысы және бастаушысы болған талантты педагог. Оның еңбектерін әлемдік педагогиканың ең беделді қайраткерлері жалпыға бірдей мойындады. Рафика Бекенқызының барлық еңбектері өзекті болып табылады және әлі күнге дейін қазақ мектебіндегі орыс тілі мұғалімдері үшін іргетасы және бағдарлаушысы болып табылады.

350-ге жуық ғылыми-танымдық еңбектердің, көптеген кітаптардың авторы. Оның ішінде балалар мен ересектерге арналған қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдарының 28 басылымы, орыс тілі бойынша оқулықтар мен оқу құралдарының 133 басылымы мен қайта жаңғыруы, қазақстандық және шетелдік журналдарда, газеттерде 163 мақала, съездер, конференциялар мате-



риалдарының авторы Рафика Бекенқызы Нұртазинаның Қазақ педагогикасы үшін маңызы мен үлесі орасан зор.

Нұртазинаның сабақтары әлемдік деңгейде танылды, дарынды қазақ педагогының мұғалімдер форумдарындағы баяндамалары әлемнің көптеген елдерінде үлкен аудиторияны жинады. Қазақ педагогы орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің халықаралық қауымдастығының (МАПРЯЛ) съездері мен конференцияларында, бүкілодақтық және республикалық конференцияларда Алматы, Кишинев, Ташкент, Мәскеу, Берлин, Прага, Будапешт, Таллин, Павлодар, Көкшетау, Ұлан-Батор, Ереван, Санкт-





Петербург және басқа да көптеген қалалар мен елдерде баяндамалар жасады [1].

Рафика Бекенқызының жаңалықтары мен идеялары Қазақстанның ғана емес, бүкіл посткеңестік пен алыс шетелдердің сұранысына айналды. Кеңестік кезеңде орыс тілі бойынша бүкілодақтық оқулықтарды жасауға атсалысты. Жарты ғасырдан астам уақыт бұрын, қазір оның есімі посткеңестік кеңістіктің шекарасынан тыс жерлерде де танымал болатын: жыл сайын Қазақстанның, Ресейдің, АҚШ-тың, Австрияның, Германияның әртүрлі қалаларындағы университеттер, кітапханалар, мектептер, Қырғызстанда ғылыми, әдістемелік және ағартушылық жұмыстарға белсене ат салысатын. Кез келген педагогикалық жиындар Рафика Бекенқызының қатысуынсыз өтпейтін. Осы орайда Р. Бекенқызының сұхбатынан мына үзіндіні байқауға болады «Мұғалімдік, педагогикалық жұмыс-бұл ризашылық, нәтижелі жұмыс. Сіз не істегеніңізді, халыққа қандай пайда әкелгеніңізді бірден көре алмайсыз, бірақ уақыт өте келе шәкірттеріңіздің өмірі жалғастырып, өмірі жақсартып беретініне көз жеткізесіз...» [3].

Өзінің ерен еңбегінің нәтижесінде Қазақстанның еңбек сіңірген мектеп мұғалімі, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі, Алматы қаласының Құрметті азаматы, Пушкин атындағы сыйлықтың лауреаты,

«Платина Тарлан» сыйлығының лауреаты, көптеген ордендермен, медальдармен және Құрмет грамоталарымен марапатталған. Білім беру саласында Социалистік Еңбек Ері атағын алған тұңғыш қазақстандық — Рафика Бекенқызы Нұртазина болатын.

Рафика Бекенқызының кеңінен қолданыс тапқан шығармаларының қатарына «Мирастың кітабы», «Мен оқимын, ойнаймын, ойлаймын», «Армысың, Пушкин», «Занимательная грамматика» жатады.

«Мирастың кітабына» пікірлердің бірінде А. Мырзалиева (филология ғылымдарының докторы) мынадай баға береді: *«Кітапта бір ғажап жері бар: ол түгелдей мейіран және мен бала тілді немере қарымқатынасына негізделген. Немере мен ата-әже арасындағы байланыс немеренің тәттілігінен ғана емес, бұл халықтың ұлттық бітімінен шығатын тәрбиенің бір көзі. Әже немерені қасынан қалдырмай ертетін, үлкендердің ұлағатты сөздерін тыңдататын, ертелі-кеш сан-сырлы ертегі-аңызбен тербететін. Маужырап ұйқыға батқанша немере әжеден күндізгі ертегі-әңгімесін қайталап сұрайтын, әже де айтудан жалықпайтын. Ат құлағын тартып мінгенге дейін немере әженің тағылымы-мейірімі арқылы ұлт танып, ел танып, халық қатынасындағы бар байлықты көкейіне құйған, ұлттың бітімдік қасиетті тілі мен ділін сіңірген азамат болып шығатын. Ауызша мектеп арқылы*



берілетін ұлттың тәрбие осылайша қалыптасқан еді» [2].

Аталған кітаптың басты кейіпкері Рафика Бекенқызының шөбересі – Мирас. Кітаптағы барлық ертегі, әңгімелердегі кейіпкердің есімі де сәйкесінше Мирас. Кеңістіктегі ойлау мен қиялды дамыту арқылы схемалармен салынған ертегілер мен әңгімелер, тақпақтар, жаңылтпаштар, жұмбақтар, әр түрлі тапсырмалар, шытырман оқиғалар қызықты түрде айтылады. Барлық мәтіндердің тақырыбы дүниені танитын балаға жақын әрі түсінікті.

Рафика Бекенқызының жасаған дүниесінің бәрі де әр елден келген мамандарды біріктіріп, еңбек етіп, дамытып, ұстаздық ісіне баға жетпес игіліктер әкеліп жатыр. Ұстаздық кәсіби жолын енді бастап жатқан әріптестері оның оқу-әдістемелік құралдарынан, ең бай дидактикалық материалдарынан көмек алып жатқаны шығармаларының әлі күнге дейін қолданыста екендігін көрсетеді.

Оған кеңестік және қазақ ақыны, Қазақстанның халық жазушысы Ғафу Қайырбеков те өлең арнаған. Ол Мәскеуден 1968 жылы «Социалистік Еңбек Ері» жоғары атағымен оралғанда, бәрі оны дастархан жайылған үйде күтіп отырыпты, ал Ғафу оны домбырамен өлең арнап қарсы алған екен [2].

Бір кездері жас әріптестері, қазір беделді ғалымдары, беделді шенеуніктер мен депутаттар Рафика Бе-

кенқызымен жұмыс істеп немесе араласқанда оның бір рет болса да қабағын түйіп, дауыс көтеріп, реніш білдіріп көрмегенін еске алады. Әрқашан жұмсақ, әдемі, анық сөйлейтін, әрқашан көп идеялармен және кез келген адамды түсінуге деген ұмтылыспен ол өзін өмір бойы жақсы есте қалдырды. Осындай ерен еңбегі үшін жүрегі мейірімге толы педагогты еске алып, тағзым етеміз.

Дереккөздер:

1. А.Б. Қоразова, З.А. Мансуров. Нуртазина Рафика Бекеновна. — Алматы: «Қазақ Университеті», 2004. — 93 бет;
2. О.Б. Алтынбекова, Д.Х. Ақанова. Рафика Нуртазина. Бірінші кітап. — Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ», 2021. - 256 бет;
3. О.Б. Алтынбекова, Д.Х. Ақанова. Рафика Нуртазина. Екінші кітап. — Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ», 2021. - 272 бет.

Камшат Алгажиевна ЕСЕНОВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Философия және саясаттану
факультеті,
«Педагогика және білім беру
менеджменті» кафедрасының аға
оқытушысы.
С.М. БОЛАТ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
«Педагогика және психология»
мамандығының 4-курс студенті.
Алматы қаласы.



Б. Блум таксономиясы негізінде оқушылардың жоғары ойлау дағдысын қалыптастыру

Мемлекетіміздің оқытуда қойған талаптары өте жоғары, онда білім алып жатқан жастарымызды сыни ойлай білуге және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажеттігі туындауда. Жаһандық бәсекеге қабілеттілікке жету мақсатында мемлекет белгілеп берген стратегиялық мақсаттар, білім беру іс-әрекетінің басымдықтарын түбегейлі өзгерту және өз бетімен іздену дағдыларын дамыту жолдарын қарастырған. Осы орайда ХХ ғасырдың 60-70 жылдары АҚШ-тың көптеген білім беру мекемелері кеңінен қолданған Блум тұжырымдамасы немесе Блум таксономиясын қолданудың маңызы зор.

Бенджамин Блум — американдық оқыту әдістерінің психологы, Блум таксономиясының негізін қалаушы. Бенджамин Блум педагогикалық іс-әрекеттің бірегей алгоритм жүйесінің авторы ретінде белгілі. Ол ұсынған теория білім беру мақсаттарын үш блокқа бөледі:

- «Мен білемін»;
- «Мен жасаймын»;
- «Мен жасай аламын».

Яғни, балаға дайын білім емес, проблема ұсынылады. Оқушы өзінің тәжірибесі мен білімін қолда-

на отырып, бұл мәселені шешудің жолдарын табуы керек. «Таксономия» ұғымын өсімдіктердің классификациясын жасаған швейцариялық ботаник О. Декандол ұсынған. Білім беру технологиясы аясында 1956 жылы Б. Блум педагогикалық мақсаттардың алғашқы таксономиясын құрды. Сонымен бірге Б. Блум және Д. Кратвол білім берудің мақсаттарын үш бағытқа бөлді:

- *когнитивті* (пәннің мазмұнын игеруге қойылатын талаптар);
- *психомотор* (мотор, нейромаскулярлық белсенділікті дамыту);
- *аффективті* (эмоционалды және құндылық бағыттары, оқушыға деген көзқарас).

Таксономия — белгілі бір критериялар мен ұстанымдар бойынша объектіні жүйелеу, топтастыру немесе жіктеуді айтады.

Блум таксономиясының оқыту жүйесіндегі классикалық мазмұнын қарастырдық. *Мақсаты:*

- Оқушыларды өздігінен жұмыс істеуге үйрету;
- Бір-бірінің білімін бағалауға дағдыландыру;
- Жетістіктерін қолдана білуге тәрбиелеу;
- Талабын ұштап, қиялын дамыту;



- Жұпта, топта жұмыс жасай білуге үйрету;

- Оқушылар құзіреттілігін арттыру;

- Өздерінің нәтижесін көре білуге, оны бағалай білуге дағдыландыру;

- Тез, әрі нақты ойлап, дұрыс шешім қабылдай алу және тапқырлық, тиянақтылық дағдыларын дамыту.

Алған білімдерін пайдалана отырып, жаңа қорытынды жасаудағы дағдыларын қалыптастыру. Осы мақсатқа жету үшін Б. Блумның 6 қадамынан өту керек. Бұл деңгейлердің әрқайсысы оқушыға белгілі бір мәселе туғызатын сұрақтардың жеке түріне сәйкес келеді:

Білу — бұл қарапайым сұрақтар;

Түсіну — нақтылау;

Қолдану — практикалық;

Талдау — түсіндіру;

Синтез — шығармашылық;

Бағалау — бағалау.

Блум таксономиясы білім беру мақсаттарын қоюға көмектеседі. Мақсаттар негізінде мұғалім оқушыларға тапсырмалар құрас-тырады және бағалау құралдарын таңдайды. Таксономия көмегімен мұғалім оқуды қалыптастырады, ал оқушы жаңа білімді алып қана қоймай, оны талдап, өмірде қолдана білуге үйренеді. Блум таксономиясы нені оқытуға тұрарлық екенін түсінуге мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар прог-

ресті бақылайды. Мақсат жүйесі қарапайымнан күрделіге қарай құрылған. Ойлау мен дамытудың ең төменгі деңгейінде білу мен түсіну, ортасында талдау мен қолдану, ойлаудың ең жоғары деңгейінде синтез мен бағалау тұрады. Б. Блумның ойынша мұғалімнің міндеті — оқушылардың ойлау қабілетінің жоғары деңгейіне жету.

1. *Білу* — бірінші деңгей алынған ақпаратты есте сақтау және жаңғыртудан басталады. Оқушы негізгі терминдерді, нақты фактілерді, ережелерді меңгереді және оларды қайталай алады. Бірінші деңгейде пән туралы жалпы түсінік қалыптасады.

2. *Түсіну* — екінші кезеңде түсіну және хабардарлық пайда болады. Бұл кезеңді меңгерудің негізгі көрсеткіші — материалды өз сөзімен жеткізе білу. Оқушы ережелер мен принциптерді біледі және түсінеді, фактілер мен құбылыстарды түсіндіре алады, графиктер мен диаграммаларды түсіндіре алады.

3. *Қолдану*. Үшінші кезеңнің мақсаты — алған білімдерін нақты жағдайда қолдануды үйрену. Студент практикалық есептерді жаңа ережелер, формулалар, заңдар арқылы шешеді.

4. *Талдау* — бұл деңгейде оқушының мақсаты материалдың құрылымын түсініп, оны байланысты бөліктерге бөле білу. Студент мәліметтерді құру принципін көре-



ді және логикалық қателерді таба алады.

5. *Синтез*. Бесінші деңгейге жеткен оқушы өз білімін жалпылап, біріктіре алады. Ол білімді классификация әдісі немесе мәселені шешу жоспары сияқты жаңа құрылым құру үшін пайдаланады.

6. *Бағалау*. Жоғары деңгейде студент өзі немесе мұғалімнің көмегімен тұжырымдай алатын критерийлер арқылы мәлімдемелерді бағалайды. Негізгі мақсат – материалды құрастыру логикасын бағалау, қорытындылардың дұрыстығын тексеру және өз көзқарасын дәлелдеу.

«Блум таксономиясы» бойынша сабақ жоспарын жасап, оқушылардың сабақта ойлау деңгейіне арнап сұрақтар, тапсырмалар беруім және тапсырмада мұғалім қандай әрекет жасайды, оқушы берілген тапсырманы қалай орындайды, орындауда оқушылар қалай және қандай критерийлер бойынша бағаланады деп күнде кері байланыс жасау сабақтың жақсаруына жағдай туғызды. Сабақтың мақсатынан бастап кері байланысқа дейін барлық кезеңдерде оқушылардың пікірімен санасып, ойын есепке алып отырамын. Оқушылардың сабақты өздері ізденіп, ойлау мен бірлесіп талдау арқылы білім қоры ұлғайды. Оқушылар кері байланыс жасауды үйренді.

«Блум кубигі» техникасы – сыни

тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясының әдістерінің бірі. «Блум кубигі» жоғарыда айтып өткендей «Блум таксономиясына» негізделіп жасалған. Сондықтан да бұл әдіспен сұрақтар құрастыру да «Блум таксономиясының» деңгейлеріне сәйкес жүзеге асады. Қарапайым болып көрінетін әдіс материалды есте сақтауға ғана емес, сонымен қатар материалды талдауға, сезінуге және түсінуге көмектеседі. Бізге ең алдымен танымдық және коммуникативті қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін сұрақтарды құрастыра білуге үйретеді.

Блум таксономиясы жоғары деңгейлі ойлауды дамыту үшін алты деңгейден тұрады. Алты деңгей: *білім, түсіну, қолдану, талдау, синтез және бағалау*. (Таксономияның деңгейлері кейінірек есте сақтау, түсіну, қолдану, талдау, қайта қарау және құру ретінде қайта қаралды.) Төменгі деңгейдегі ойлау дағдылары (LOTS) есте сақтауды қажет етеді, ал жоғары деңгейлі ойлау бұл білімді түсінуді және қолданды талап етеді. Жоғары деңгейлі ойлау дағдылары (HOTS) – американдық білімде кең таралған ұғым. Ол сыни ойлау қабілеттерін төмен деңгейлі оқу нәтижелерінен, мысалы, жаттанды есте сақтау нәтижелерінен ажыратады. HOTS құрамына синтездеу, талдау, пайымдау, түсіну, қолдану және бағалау кіреді.



Сыни тұрғыдан ойлау ақпаратты талдауға, мәселелерді жүйелі шешуге, инновациялық шешімдерді жасауға, стратегиялық жоспарлауға, креативті ойлауға немесе өз жұмысыңызды немесе идеяларыңызды басқаларға оңай түсінікті етіп ұсынуға тиіс кез келген кәсіпте көмектесе алады.

Ойлау дағдылары — ақпаратты өңдеу, байланыс орнату, шешім қабылдау және жаңа идеяларды құру үшін қолданылатын ақыл-ой әрекеттері.

Ойлау — адамның шындықты танудың ең жоғарғы деңгейі. Ойлаудың сезімдік негізі — түйсіктер, қабылдаулар және бейнелер. Сезім мүшелері арқылы — бұл дене мен сыртқы әлем арасындағы жалғыз байланыс арналары — ақпарат миға түседі. Ақпараттың мазмұнын ми өңдейді. Ақпаратты өңдеудің ең күрделі (логикалық) формасы — ойлау әрекеті. Өмірдің адам алдына қойған ақыл-ой міндеттерін шеше отырып, ол ой елегінен өткізеді, қорытынды жасайды және сол арқылы заттар мен құбылыстардың мәнін таниды, олардың байланыс заңдылықтарын ашады, содан кейін осы негізде дүниені түрлендіреді. Блум таксономиясының негізінде жеке тұлғаның креативтілігін, шығармашылық дербестілігін қалыптастырады. Яғни, оқыту арқылы жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, оның жеке тұлғаның са-

палық қасиетін дамытатын рухани құндылықтарды игерудің бірден — бір жолы Блум таксономиясы болып табылады. Блум таксономиясымен өткізілген сабақтардың артықшылығы білім алушы жеке тұлға ретінде биіктігі көрінеді. Әр білім алушы өз пайымдауы мен түйсігіне сүйене отырып, жеке қабілетін ашуға қадам жасайды. Дәстүрлі сабақтан гөрі білім алушы іс-әрекеті басымырақ. Әр білім алушы өздігінен ойлануға әрекеттеніп, өз бетімен жекелей жұмыс жасауға ынталанады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Бенджамин Блум. «Таксономия образовательных целей: сфера познания», 1956;
2. Аманжолов С. Құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық негіздері // Өскемен: 2007. — Б. 135-140;
3. Мынбаева А.К., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері: Оқу құралы. - Алматы, 2015. - 167 б.

**Майра Ауелбековна
ЖАНИБЕКОВА,
№149 ЖББ мектебінің қазақ тілі
мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Алатау ауданы,
Алматы қаласы.**



Дебат технологиялар негізінде жоғары сынып оқушыларын креативті ойлауын дамыту

ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов: «Дебат тек зияткерлік ойын емес, ол — сыни ойлаудағыларын қалыптастырып, ақпаратты дұрыс талдауға, топпен бірлесіп жұмыс істеуге, сұрақ қойып, оларға нақты жауап беруге үйрететін білім беру технологиясы», - дейді. Оқушының қабілеті шығармашылық, ойлау, тәжірибе арқылы дамиды. Шығармашылық туралы алғашқы ойларды біз ежелгі философтар еңбегінен табамыз. «Шығармашылық» сөзінің төркіні — «шығару», «іздену», «ойлап табу» деген мағынаны білдіреді. «Шығармашылық» ұғымын көптеген ғылымдар қарастырып өткен. Соңғы жылдары шығармашылықты зерттейтін ғылым туралы сұрақтар пайда бола бастады, яғни — эвристика («эврика»-мен таптым), Архимедтің гидростикасының негізгі заңын ашқан мезетте айтқан сөзі. «Эврика» — сәтті ой, идея пайда болғанда және «нұрлану» кезінде айтылатын қуанышты білдіретін сөз. Эвристика ғылымына келер болсақ, оның зерттеу ауқымы өте кең: шығармашылықтың ерекшеліктері, құрылымы, шығармашылық процесінің кезеңдері, типтері, ғылыми және көркем шығармашылықтың қатынасы, болжаулар мен кездейсоқтықтың рөлі туралы, таланттылық туралы, шығармашылықтағы мотивация мен жеке факторлардың рөлі, шығармашылық белсенділігі жоғары болатын адамның жасы, ғылым мен шығармашылықтағы ойлау стилі, эвристикалық әдістер мен ойлаудың рөлі және тағы басқалары деп қарастырады. Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамыту әдістеріне *пікір-талас, ой толғау, дебат* жатады.

«Дебат» — француз сөзі. Қандай да бір жиналыста, мәжілісте пікір таластыру, яғни жарыссөз деген мағынаны білдіреді. Ежелгі Грецияда пікірсайыс күнде болған екен, оған саясаткерлер, қарапайым адамдар қатысқан. Ортағасырлық Еуропа университетінде шешендік өнердің курсы жүргізілген. Бірақ жастар арасындағы пікірсайыс алғаш 1930 жылдары АҚШ-та пайда болды. Біз қолданатын пікірсайыс түрі Батыс және Шығыс Еуропа, АҚШ, Жапония, Оңтүстік-Шығыс Азия, Батыс-Сібір мектептері мен университетінде кең таралған. Қазақстанда Дебат бағдарламасы 1996 жылдан бастап дамыды.

Дебат — қоғамдық екі топтың белгілі бір тақырыпқа байланысты қарама-қарсы ойларын үшінші топқа, яғни, төрешілерге нақты де-



тальдармен дәлелдейтін пікірталас түрі. Демек, дебатерлар нақты білім және ойын дәл жеткізу мақсатында шешендік өнерге ие болуы шарт. Дебат технологиясы білім алушының шығармашылық белсенділігін арттырады, сонымен бірге зерттеушілік, ізденушілік қасиеттері қалыптасады. Дебат технологиясына құрылған зерделік ойынға екі топ қатысады: жақтаушы және даттаушы топ. Әр топтың құрамында қатысушылар саны шектеулі болады. Ол үшін арнайы уақыт белгіленеді. *Дебаттар* (ағылш. *debate* немесе *debating*) — бұл сөз жарыстырудың формалды әдісі, бұл ретте тараптар бір бірімен үшінші тарапты сендіру мақсатында белгілі бір көзқарасты ұсына отырып, өзара іс-қимыл жасайды.

Пікірсайыс (дебат) — бұл негізгі ережелері бойынша жүргізілетін дискуссияның негізгі формасын ұсынатын интеллектуалды, ұтымды ой, үздік образ, шешендік сөздер тудыратын, ораторлық қабілет пен ойлау жүйесін дамытатын дарындылар ойыны, тұжырымды ой түйісетін, салиқалы пікір айтылатын жиын. Пікірсайыстарда жетістіктерге жету үшін өзіндік көзқарас, мықты мінез, өз ұстанымын дәлелді түрде қорғай білуге жетелейтін ұмтылыс маңызды болып табылады.

Дебаттар - жастардың сүйікті ойыны, ойындар сериясынан тұратын турнир түрінде өтеді, әр ойында екі команда сөз жарысты-

рады. Дебаттардың өз тақырыбы бар, командалардың бұл тақырыпқа қарама-қарсы екі көзқарасы болады. Дебат бағдарламасы тыңдармандарды пікірталас үрдісіне тарту арқылы интеллектің даму технологиясын ұсынады. Пікірталасқа түсушілердің мақсаты, әдетте, даулы проблемалар бойынша қандай да бір позицияны қорғап, өзге позицияны теріске шығаруды көздейді. Дебат ойындарында оқушылардың ой ұшқырлылығы қарама-қарсы сұрақ сәтінде анық байқалады. Білімді, көп ізденетін оқушылардың өзіндік ой-өрісі ойын барысында көрінеді.

Креативтілік — ағылшынның «creativity» сөзінен аударғанда шығармашылық деген мағынаны береді. Шет елдік зерттеушілер шығармашылық дарындылықты түсіндіру үшін, креативтілік түсінігіне жүгінеді. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде креативтілік (*лат. creatio — жасау*) — адамның шығармашылық дарын деңгейі, шығармашылық қабілеті деп көрсетіледі. Креативті ойлауды зерттеу барысында креативті тапсырмаларды тез табуға мүмкіндік беретін немесе кедергі келтіретін шарттар анықталды. Бұл шарттарды кеңірек қарастырамыз. Олар:

1. Егер адамның кейбір тапсырмаларды өткен нақты тәсілдермен шешуі сәтті болса, онда бұл жағдай ары қарай аталған шешім тәсілін ұстауға итермелейді.



Адам жаңа тапсырмамен кездескенде оны бірінші кезекте қолдануға тырысады;

2. Тәжірибеде тапсырманы шешудің жаңа тәсілін табу және қолдану үшін неғұрлым көп күш жұмсалса, болашақта соғұрлым оған көп үміт артады. Пропорционалдық ұмтылысты шешудің кейбір жаңа тәсілдерін табуға жіберілетін психологиялық шығын оны тәжірибеде жиі қолдануға әкеледі;

3. Жоғарыда көрсетілгендердің күшімен ойлау стереотиптерінің туындауы адамға бұрынғыдан бас тартуға және тапсырманы шешуге сай келетін жаңаны табуға кедергі келтіреді. Мұндай қалыптасқан стереотипті жеңудің бір тәсілі тапсырманы шешуді біраз уақыт тоқтатып, соңыра оған шешімнің жаңа жолдарын байқап көруге арналған берік құрылыммен оралу керектігінен тұрады;

4. Адамның интеллекттік қабілеті, ереже бойынша, жиі болатын сәтсіздіктерден зардап шегеді және кезекті сәтсіздіктен қорқу жаңа тапсырмамен кездескенде автоматты түрде туындайды. Ол өзіндік «Мен» үшін тәуекелмен байланысты, креативті ойлауға кедергі келтіретін қорғаныс реакциясын тудырады. Нәтижесінде адам өз-өзіне сенімділігін жоғалтады, онда оған ойлауға кедергі келтіретін теріс эмоциялар жиналады. Адамның интеллекттік әлеуетін күшейтуге қажетті жетістік

сезімі, оны игеру үшін кез келген қозғалыстың дұрыстығын түйсіну сияқты өте қажет;

5. Интеллекттік тапсырмаларды шешуде максималды тиімділік эмоциялық қозудың сай келетін деңгейі мен тиімді мотивация кезінде қол жеткізіледі. Бұл деңгей әрбір адам үшін ерекше дара;

6. Адамда неғұрлым білім терең болса, креативті тапсырмаларды шешу амалдары да соғұрлым әртүрлі болады. Бірақ та сай келетін білім әр түрлі бағытта болу керек, өйткені олар ойлауды шешімнің әр түрлі амалдарына бағыттайтын қабілетті игерген.

Т.А.Барышевамен Ю.А.Жигалов шығармашылық қалыптаса бастау (креативтілік) үдерісіне бес кезең жатады деп жорамалдайды.

«Ояну» — бірінші кезең. Бұл сенсорлық, эмоционалдық, интеллектуалдық (зияткерлік) тәжірибенің шығармашылық негіздер ретінде жинақталуы. Бұл кезеңнің маңызды сәттері ақпараттық бай кеңістік пен итермеші күш, шығармашылық қызметті уәждеуші дереккөздер болып табылады.

Еліктеу, ұқсату — екінші кезең — креативті тәртіп, технологиялар, құралдар, шығармашылық қызмет тәсілдері үлгілерін меңгеру. Бұл кезеңнің маңыздысы — технологиялық тәжірибені меңгеру.

Импликация (байланыстар) — үшінші кезең. Бұл — игерілген тәсілдерді жаңа тұлғалық маңызы бар жағдайларда өзгерту, іске



асыру, эксперименттеу, жаңа байланыстар мен қатынастар іздеу, «Мен» тұжырымдамасының өз мүмкіндіктері тұрғысында қалыптасу көзі, туындыгер ұстанымының дамуына деген итермелеуші күш.

Өзгеру (трансформация) – төртінші кезең – тәжірибенің жеке ерекшеліктерге, мүмкіндіктерге, қажеттіліктерге сәйкес өзгеруі.

Үйлестіру (гармонизация) – бесінші кезең. Бұл – креативтіліктің психологиялық құрылымын үйлестіру, шығармашылық қызметті *даралау*, шығармашылық даралықтың қалыптасуы.

Креативті педагогика ең көп деңгейде шығармашылық табиғатына сәйкес келеді. Оның міндеті тұлғаның креативті қасиеттерінің кешенін дамыту, өзін-өзі тану мен өздігінен даму негізінде шығармашылық қызмет тәжірибесін игеру болып табылады.

Қазіргі уақытта ғалымдар зерттеулеріне сүйеніп жоғары дәрежедегі креативтілік жоғары интеллектілікпен үйлескен сәтте адам ортаға жақсы бейімделген, белсенді, эмоционалды байсалды, тәуелсіз болады. Интеллект пен креативтілік үйлесуі түрлі ортада

әлеуметтік белсенділікте болуға мүмкіндік тудырады. Ал, керісінше, төменгі дәрежедегі интеллект пен креативтіліктің үйлесуі көп жағдайда әлеуметтік ортада адам үрейлі, нашар бейімделген күйде болады. Креативтілік тұлғаның бәсекеге қабілеттілігінің негізгі ықпалы, факторы деп қорытындылаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Мынбаева А.К. Основы педагогического мастерства. Курс лекций и тренинги: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 167 с.
2. Булатбаева А.Ә., Шошабаева С.Е. М. Воллах пен Н. Коганның интеллект және креативтіліктің арақатынасы тұжырымдамасы ///. – Білім берудегі техника мен технология. Ғылыми-әдістемелік интернет журнал. – Алматы, 2014. – №1. – 86 б. – Б. 71-77.

**Салтанат Мұратқызы
КӨПБОСЫН,**

**№149 ЖББ мектебінің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

**Алатау ауданы,
Алматы қаласы.**





Ғылыми жоба жұмысы арқылы оқушыларының ізденушілік қабілетін дамыту

Жобалау — «*proicere*» деген латын сөзі. Бұл сөз «жоспарлау, дайындау» деген мағынаны немесе жоспардың жүзеге асырылуын білдіреді. «Жоба» ұғымы педагогика саласында ғана емес экономика, басқару, зерттеу салаларында да кеңінен қолданылатыны белгілі. Мысалы: құрылыс жобасы, зерттеу жобасы, оқыту жобасы, ғылыми жоба, тәжірибелік жоба және т.б.

Ғылымда ол тек жаңа нәрсенің жобасын жасау ғана емес, сонымен қатар оны негіздеуді, басқадан айырмашылығын көрсетуді білдіреді. Бұл термин алғашында құрылыс, техника саласында қолданылды. Өткен ғасырдың орта шенінен бастап гуманитарлық ғылымдарда да қолданыс таба бастады.

«Жобалау әдісінің» негізін қалаушы — Америка философ-прагматигі, психолог және педагог *Джон Дьюи* (1859-1952). Бірақ ол өзінің еңбектерінде «жоба» сөзін қолданбаған. Ол өз тұжырымдарын мектептің өмірімен, жеке тәжірибесімен байланысты талдап, нәтижесін берген, ал бұл жобалау әдісінің негізін қалаған. Дьюидің ілімін жалғастырушы — Колумбия университеті жанындағы мұғалімдер колледжінің профессоры *Уильям Херд Килпатрик* «Балаларды өз жұмысының жемісін көруге ынталандыру арқылы үнемі

өмірге дайындау — бұл технологияның негізі» деген еңбегінде жобаны:

- өндірістік немесе жасампаздық;
- тұтынушылық;
- интеллектуалдық немесе басқа

да проблемаларды шешуге бағытталған;

- жоба-жаттығулар деп төрт түрге бөліп қарастырды.

Жобалау — оқыту технологияларының кең таралған түрлерінің бірі. Жобалау әдісі оқушылардың іс-әрекетін түрлендіріп кеңейте түседі.

Жобалау идеялары Еуропада алпысыншы, жетпісінші жылдары «баламалы мектеп» немесе баламалы оқыту түрлерін енгізу туралы пікірталас кезінде қолдау табады. Жобалау идеясы, жобалау әдісі ең алдымен жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарындағы дәстүрлі оқытуға қарсы бағытталған бағдарлама ретінде қарастырылды. Бұл идея көптеген ғалымдардың *Пиаже*, *Эбли*, *Высоцкий*, *Леонтьев*, *Гальперин* қолдауымен жобалау әдісінің негізін қалауға себеп болды.

Жобалау қызметі бағдар беру — болжам жасау қызметінен туындайды. 1910 жылдары АҚШ профессоры *Коллингс* оқу жобасының төрт тобын анықтаған:

«Ойын жобасы» — кіші жастағы балаларға арналған жоба, онда топ



болып әрекет ету жүзеге асырылады: мысалы: әр түрлі *логикалық, интеллектуалдық, танымдық, коммуникативтік, имитациялық, іскерлік, рөлдік, топтық* және т.б. ойындар, драмалық қойылымдар мен бос уақытты тиімді ұйымдастыруға негізделген іс-шаралар жатады.

«*Экскурсиялық жоба*»: мәселені қоршаған ортамен және қоғамдық өмірмен байланысты қарастырып, оны мақсатты түрде оқып-білу.

«*Нақты қызығушылыққа негізделген жоба*»: балалар мұнда өзінің өнімінен ләззат алады, оған *ауызша, жазбаша, ән айту, көркемөнер, музыка* (домбырада, қобызда, фортепианода және т.б. ойнау) және т.б. жатады. *Оқу жобасына қажетті талаптар*:

— жоба нақты қажетті, әлеуметтік маңызды мәселеге арналады;

— жобаны *жоспарлау* мәселені шешуге бағытталады;

— қандай *өнім* алатындығы белгіленеді (нәтиже, мерзімі және оған жауаптылар көрсетіледі);

— білім алушылардың *зерттеушілік қызметі* міндетті шарт, яғни ақпарат іздеу, талдау, оны білім алушыларға тарату;

— *нәтижесі*, өнім болып шығуы тиіс: мақала, модель, т.б.

— жобаны ұсынған адамға нәтижені көрсету, *жобаны қорғау, презентациялау*.

Мазмұнына байланысты жоба жіктемесі:

Тәжірибеге бағытталған жоба жобаға қатысушылардың мүддесін қорғайтын әлеуметтік мәселелерді шешуге мақсатталады.

Зерттеушілік жоба құрылымы бойынша ғылыми жобаға ұқсайды. Өзектілігі, мақсат, міндеті, болжам, нәтиже сипатталады. Мәселені шешуде: лабораториялық эксперимент, модельдеу, әлеуметтік сауал, т.б. әдістер қолданылады

Ақпараттық жоба — мәселені шешуге бағытталған әртүрлі құбылыстар туралы ақпарат жинау, оны жалпылау, талдау. Нәтижесі БАҚ және Internet желісінде жарияланады.

Шығармашылық жоба өнімді презентациялауда түрлі дәстүрлі емес тәсілдерді кеңінен қолданады. Бұл альманах, сахналау, спорттық ойын, видеофильм, т.б. түрде болуы мүмкін.

Рөлдік жоба. Мұны құрастыру да, жүзеге асыру да қиын. Жобаға қатысушылар белгілі бір кейіпкерлердің бейнесін сомдайды. Қиындығы мәселе шешімін таба ала ма әлде сұрақ күйінде қала ма?

Жобалау әдісі — оқу үрдісін ерекше етіп тұратын кешенді оқыту тәсілдері жиынтығы. Бұл әдіс — оқушылардың әрекеттерін өз бетінше жоспарлауға, ұйымдастыруға және бақылауға мүмкіндік береді. Оқушылардың ғылыми жобаларының пайдалылығы — аздаған болса да зерттеу жұмысын жүргізіп, оның әдіс-тәсілдерін меңгеруі. Жоба әдісінің мәні — нақты мәселеге оқушылардың қызығушылығын тудыру және сол мәселені жобалық іс-әрекет арқылы шешуге ынталандыру, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуі. Жобалау әдісі арқылы оқушылардың интеллектуалды эмо-



ционалды контексті сөйлесуі іштей басқа әрекеттермен бірлікте жүреді. Басқа әрекеттер деп отырғанымыз, жоспарын жүзеге асыру үшін құжаттар, сауалнама, кесте бейнеролик, т.б. дайындалады.

Жобамен жұмыс істеу — шығармашылық процесс. Оқушыларға маңызды болып саналатын мәселені анықтау үшін өз бетінше немесе мұғалімнің жетекшілігімен ізденуге кіріседі. Бұл оқушылардың өз бетінше білімдерін, дағдыларын және біліктерін жаңа контексте пайдалануға көмектеседі. Бұлай іздену олардың қазақша кәсіби сөйлеуіне, табиғи және еркін түрде үйренуіне ықпал етеді. Әрине, мұндай жағдайда жобаға қатысушылардың өздерінің ынтасын тілдік сауаттылығына емес, айтылатын ойдың мазмұнына аударған дұрыс. Жобалау кезінде оқушы өте белсенді болады, ол өзінің шығармашылықпен жұмыс істей алатынын көрсетеді. Жобамен жұмыс істеу барысында қазақша сөйлеу жағынан нашарлау және психологиялық жағынан белсенділігі төмендеу студенттің өзі де өзінің қиялдауына, белсенділігін және өз бетінше жұмыс істей алатынын көрсетуіне мүмкіндіктері өте мол. Жобалау жұмысы тіл үйренудің формалдық сипатын жоюға, тілді үйренудің тәжірибелік нәтиже беруіне ықпал етеді. Жоба мұғалім мен оқушылардың функционалдық міндеттерін өзгертеді. Педагогикалық жобалау *болашақ іс-әрекетті және оның нәтижелерін болжаудан* тұрады. *Жобаның объектісі: педагогика-*

лық процесс. Педагогикалық процесс барысында педагогикалық жағдаят шешімін табуға тиіс.

Педагогикалық жағдаят — белгілі бір уақытта, кеңістікте болған уақиғаның сипаты, педагогикалық үрдістің құрамды бөлігі болып табылады.

Педагогикалық жүйені, процесті, жағдаятты жобалау — көпсатылы, қиын іс-әрекет. Педагогикалық жобалау 3 кезеңнен тұрады:

- 1-кезең — үлгілендіру;
- 2-кезең — жоба құрастырушылық;
- 3-кезең — құрастыру технологиясы.

Ғылыми жоба жұмысы оқушылардың шығармашылық, коммуникативтік, ізденушілік, танымдық, зерттеушілік қабілетін дамытудың бірден-бір құралы болып табылады. Ғылыми жоба жұмысы барысында сипаттау, анықтау, негіздеу, жасау, айқындау, толықтыру, жүйелеу, жетілдіру, дамыту, нақтылау, талдау арқылы жүргізіледі. Жобалау әдісінде педагогикалық процеске қатысушылардың рөлі өзгереді: мұғалім сарапшы емес, ол — жетекші, кеңесші, көмекші; соған сәйкес оқушы да жобалаудың белсенді қатысушысының рөлін атқарады. Жобаны орындау барысында оқушылар инновациялық шығармашылық қызметтің алгоритмін меңгереді, ақпаратты өздігінен іздеу, талдауды үйренеді, біліміндегі кемшілікті толықтырады, шығармашылық міндеттерді шешу тәжірибесін жинақтайды. Алғашқыда оқушылардың өздігінен іздену тәжірибесі аз кезде, олар мұғалімнің



тікелей жетекшілігімен, оның ұсыныстарын орындайды. Бұл орындаушылық жоба болады. Бұл жағдайда мұғалім өзінің айтқанын орындатпай, бірлесіп талқылау арқылы жұмыс істеу нұсқаларын ұсынады.

Конструктивтік деңгейде оқушылар тақырыпты мұғаліммен талқылаған соң, әрі қарай жобаны өздері орындайды. Егер оқушылар жобаның идеясын өздері ұсынып, жоспарын құрса, өздері жүзеге асырса, онда бұл шығармашылық жоба болады. Жобалар жеке және топтық түрде де орындалуы мүмкін. Топтық жобада кейбір бөлімдер жеке орындалады, сол сияқты жеке жобада топтық жұмыстың элементтері қолданылады. Топтық жұмыс ынтымақтастыққа, ұжымшылдыққа үйретеді. Сонымен бірге әр оқушының қабілетіне қарай әр түрлі қиындықтағы тапсырмалар беріледі. Жобаны орындау барысында мұғалім ескеруі тиіс мәселелер:

- оқушылардың осы іс-әрекетке даярлық деңгейі;
- оқушылардың мәселеге қызығуы;
- жобаны орындауда оқушылардың жаңа білім меңгеруі;
- жобаның практикалық маңыздылығы;
- жобаны жүзеге асыру мүмкіндігі;
- алған білім, іскерлік, дағдыларын пайдалану мүмкіндігі;
- міндеттердің оқушылардың мүмкіндігіне сәйкестігі;
- қажетті материалдық-техникалық құралдардың болуы;

- экологиялық және экономикалық талаптарға сәйкес келуі;

- мектептің білімдік ресурстарын пайдалану;

Жобамен жұмыс жоспар құрудан басталады. Жоспар жақсы, сауатты, нақты болса, жоба өнімі табысты болады. Жобаның тақырыбы өзекті, заманауи болу керек. *Жобаны орындау* — тақырып бойынша материал жинау ғана емес, сонымен бірге экскурсия ұйымдастыру, стенд безендіру, альбом дайындау, видео және фотоматериалдар жинау, кездесулер ұйымдастыру, конференция өткізіп, нәтижесі талдану керек. Міндетті түрде қорытынды мен ұсыныстар беріледі.

Пайдаланған әдебиетер тізімі:

1. Колесникова И.А., Горчакова-Сибирская М.П. Педагогическое проектирование: учебное пособие для высших учебных заведений. - М.: Издательский центр «Академия», 2005.

2. Новиков А.М., Новиков Д.А. Образовательный проект: методология образовательной деятельности. - М., 2004.

3. Қиякбаева Ұ.Қ. Әлеуметтік педагогикалық іс әрекеттерді жобалау негіздері: оқу құралы/ Ұ.Қ. Қиякбаева, Ұ.Б. Төлешова, Р.Е. Каримова, Б. Аувакир.- Алматы: Қазақ университеті, 2021.- 138 б.

Жазира Кожобековна КУДАБАЕВА,
№149 ЖББ мектебінің қазақ тілі мен

әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Алатау ауданы,
Алматы қаласы.



Жаңартылған білім бағдарлама негізінде білім алушылармен топтық жұмыстарды ұйымдастырудың тиімділігі

Бұл мақалада топтық жұмыстың мақсаты — оқыту мен оқу тәсілдері арқылы проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау барысында білім алушылар тобының бірлесіп жұмыс істеуі туралы баяндалған. Жаңартылған білім бағдарламасы негізінде топтық жұмыс жүргізу оқушылардың белсенділігін арттырады.

Түйінді сөздер: топтық жұмыс, жаңартылған білім бағдарламасы, белсенді әдіс-тәсілдер, көшбасшы білім алушылар, бірлескен жұмыс.

This article describes the purpose of group work, solving the problem through training and teaching techniques, methods of group work, and the joint work of a group of students in the process of completing tasks. Conducting group work on the basis of an updated educational program increases the activity of students.

Keywords: group work, updated educational program, active methods and techniques, student leaders, collaborative work.

Былырғы оқу жылынан бастап білім беру бағдарламасын қолда- колледж студенттері жалпы білім- ну» атты курстың толық нұсқасын беру пәндері бойынша білімнің- меңгердім.

алғашқы нәрін жаңартылған білім- Жаңартылған білім бағдарла- бағдарламасының негізінде оқи- масының талабының бірі топтық бастады. Аталған білім беру бағ- жұмыстарды ұйымдастырып, білім дарламасы туралы түсінгенім мен- алушылардың белсенділігін артты- ұғынғаным мол. ру.

Кәсіби тұрғыда жаңа сатыға қа- Білім алушылар топта ынты- дам басып, білім жүйесіне енген- мақтаса отырып, қарым-қатынас жаңалықтың қыр-сырын зерттей- жасауға, идеяларды ұсынуға және бастаған сәтімде арнайы курс- қорғауға, әр түрлі ұстанымдары- ка қатысуым бағдарлама туралы- мен алмасуға, барынша белсенді туындаған сұрақтарымның жауа- қатысуға мүмкіндік алады.

бын табуға берілген мүмкіндік се- Топ — бұл ортақ мақсатқа жету- кілді көрінді. 2020 жылы «Өрлеу» үшін құрылған адамдар тобы. біліктілікті арттыру ұлттық орта- «Топтық жұмыс» термині — өзара- лығы ұйымдастырған «Білім маз- іс-әрекет жасалып, соңғы нәтиже- мұнын жаңартудың теориялық- ге немесе мақсатқа жетуге бағыт- және әдістемелік негіздері», «Шет- талған іс-әрекеттің құрылымы.

тілі пәні бойынша жаңартылған- Топтық жұмыстың мақсаты —



оқыту мен оқу тәсілдері арқылы проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау барысында білім алушылар тобының бірлесіп жұмыс істеуі.

Топтық жұмыс білім алушылардың сүйікті жұмыс түрлерінің бірі болып табылады. Бұл жерде «неге?» деген сұрақ туындайды. Себебі, білім алушылар үшін ең маңыздысы – қателік жіберіп алмау деген қорқыныш сезімін жеңу, өзіне деген сенімділіктің пайда болуы. Топтық жұмыстың нәтижесінде білім алушылар берілген материалды жақсы меңгереді. Олардың шығармашылық қабілетін дамытуға септігін тигізеді, сонымен қатар топтық жұмыс сабақты қызықты етіп өткізуге көмектеседі.

Топпен жұмыс жүргізудің екі түрі бар: бірыңғай топтық жұмыс және сараланған топтық жұмыс. Бірыңғай топтық жұмыс барысында барлық топ бірдей тапсырма орындайды, ал сараланған топтық жұмыс барысында берілген тақырып шеңберінде әр түрлі тапсырмалар орындайды.

Топта жұмыс жасау үшін: Жақсы тындап білу. Күшті жетекшілік қасиеттер. Тиімді байланыс орнату. Міндетті тең бөлісу. Бірігіп жұмыс жасауға ұмтылу. Алға қойылған мақсаттар мен міндеттер.

Топта жұмыс жасауда кездесетін кедергілер: Шамалы қарым-қатынас. Дұрыс тындап білмеу. Шамалы жетекшілік. Топқа тартылысы жоқ. Мақсатты дұрыс түсінбеу.

Міндеттерді тең бөліспеу. Сәтті. Сәтсіз.

Топтық жұмыс жеке шешуге болатын тапсырмаларды емес, анағұрлым күрделі тапсырмаларды топ болып шешуді көздейді.

Топтық жұмысты ұйымдастырудың артықшылықтары:

- Игеретін материалдардың көлемі мен оларды түсіну қажеттілігі артады;

- Жаппай оқытуға қарағанда, жаңа ұғымдарды, түсініктерді, дағдыларды қалыптастыруға аз уақыт жұмсалады;

- Оқушылардың танымдық белсенділігі мен шығармашылықпен жұмыс істеуі артады;

- Оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсарады;

- Өзіне сын көзбен қараушылық артады, сыныптастарымен жұмыс істеп үйренген оқушы өзінің қабілетін дұрыс бағалай біледі және жақсы бақылай алады. Өмірге қажетті дағдыларға үйренеді.

Топтық жұмысты ұйымдастырудың кемшілігі:

- Топ мүшелерінің көп болуы;

- Үлгерімі төмен білім алушылардың көптің көлеңкесінде қалып қоюы;

- Бір топтың шуылының екінші топқа әсері;

- Берілген уақыт ішінде тапсырманы орындап үлгермеуі;

- Шығармашылық жұмыс аяқсыз қалуы;

- Бір топ жұмысты қорғап жатса, басқа топ мүшелері өз жұмыс-



тарын аяқтап жатумен шұғылданады;

- Білім деңгейі бірдей білім алушылар тобы бір топта жұмыс жасауы;

- Жақсы оқитын білім алушылардың үлгерімі төмен білім алушылардан жоғары тұруы. Топтық жұмыс соңында әр студент қандай жетістікке қол жеткізе алады?

- Білім алушылардың ой ұшқырлығы пайда болады, бір-біріне деген сенімі артады;

- Білім алушы өзінің топта орындалып жатқан жұмыстың маңызды екенін, өз үлесін қосып жатқанын сезінеді;

- Басқа топтардың жұмыстарын тындап олардың мүмкіншіліктерін салыстырады;

- Бақылаудың нәтижесінде өте тұйық және көшбасшы білім алушылар анықталады.

Тіл маманы болғандықтан топтарда ағылшын тілі пәні бойынша зерттеу жұмыстары нәтижесінде білім алушылар өз бетінше білімді меңгеретінін түсіндім. Ағылшын тілі пәні бойынша бірлескен топтық жұмыс түрлерін ұйымдастырып сабақтар өткіздім. Мұндай топтық жұмыстарда (group work, pair work) оқушылар сұрақ қойып, ойлануына уақыт бөлінеді. Өз ойларымен бөлісіп, ақылдасады. Бір-бірінің жауабын толықтырып, берілген тақырып бойынша білімдерін ортаға салады. «Сұраққа жылдам жауап» әдісі арқылы тақырыпты терең түсіну және студенттердің назарын

сабаққа аударып, ой-өрісін дамыту мақсатында төмен дәрежелі сұрақтарға толық жауап қайтаруды тапсыру. Мысалы, «Арсен, Эльдардың жауабы дұрыс деп ойлайсың ба?» «Камила, Әминаның жауабын қалай толықтыруға болады?» «Дияс, айтылған барлық жауаптарды қалай біріктіруге болады?» Бірлесе топта жұмыс жасағанда білім алушылар пікір таластырады, басқалардан үйренеді. «Сұхбат алу» әдісі. Мұнда топтағы үш студент бір-бірімен тақырып бойынша сұхбат құрады. Үшінші студент түсінгенін әңгімелейді. «Қалың және жұқа сұрақтар» әдісі. Бұл әдіс бойынша топ жұмысы барысында білім алушылар тақырып бойынша сұрақтар құру тапсырылады. Топтық жұмыс жүргізу өте тиімді, себебі білім алушылар өз ойларын жеткізе біледі. Топтық жұмыс өткізген кезде мынадай өте қызықты сабақ өтетінін білген жоқпын. Топтық жұмыста бәрі қызу жұмыс үстінде, біреуі сурет салса, біреуі өз ойын салуда.

Дәстүрлі сабақтарымды салыстырып кететін болсам, білім алушыларым жалығып отырушы еді. Ал топтық жұмыста жалығып отырған білім алушылардың қызығушылығы артып, жұмыла жұмыс жасай білді. Орташа оқитын білім алушы төмен оқитын білім алушымен ойларын бөлісіп жатты. Ал дарынды балалар орташа оқитын білім алушыларға кеңес, бағыт бере отырып көмектесті. Жаңа әдісті қолданып ұсынған тапсыр-



маларда оқушылар бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасап, өздеріне ұсынылған тапсырманы орындау жолдарын іздеу барысында топпен шешіп, бір-бірінің көмегіне жүгінді. Бұдан білім алушыларды топтық жұмысқа итермелеу арқылы, әрқайсысы өз қабілеттеріне қарай ойларымен бөлісуге ерікті. Берілген тапсырманы орындау барысында әркім өз идеяларын ортаға тастап, өзара рөлдерге бөліне отырып, берілген уақытты тиімді пайдалануға тырысып отырды. Ал түсінгендерін топпен қорғау барысында топтар бір-біріне сұрақ-жауап арқылы кеңінен талқылап отырды, әрбір тақырыпты өту барысында тиімді, нәтижелі топтық жұмыс формасын жиі қолдандым. Себебі, топтық жұмыс білім алушы мен білім алушы, білім алушы мен оқытушы араларындағы білім алу, білім беру әрекеттері үлкен орын алатынын көруге болады. Білім алушылармен топтық жұмыс жүргізу кезінде олардың қабілетіне, қызығушылығына, икеміне, біліміне қарай лайықтап алдым, тексеру мен бағалаудың әділдік, жариялылық талаптарын орындау, білім алушы мен оқытушы ынтымақтас-тығы арқылы оқушының белсенді ойлауына, белсенді сөйлеуіне, шығармашылығына қол жеткізу біздің өтіп жатқан тәжірибеміздің болашағы деп ойлаймын.

Топпен жұмыс жасауға арналған тапсырмалар күрделі емес білім алушылардың білім деңгейіне сай беріледі. Мысалы, жаңартылған білім бағдарламасы негізінде «Қате-сін тап», «Қар кесегі» «Балықтың қанқасы», графикалық органи-зерлер сызу, постер жасау әдісі, постерді топпен қорғау, Джигсо әдісі, SWOT талдау әдісі, кластер т.б тапсырмалар беріледі. Білім алушылар топтарға берілген тапсырмаларды орындай отырып, тақырыпты қызығушылықпен өздері аша алады.

Топқа бөлудің де әдіс-тәсілдері көп. Қағаз қиындылары арқылы топқа бөліну. Жыл мезгілдері, жануарлар, құстар немесе басқа да суреттерді үшке, төртке, беске (неше топқа бөлуді жоспарлауы-ңызға қарай) қиып, араластырып оқушыларға таратылады. Оқушылар сол қиындылардан суретті құрастырып, сол сурет бойынша бірігіп, топқа бөлінеді. Геометриялық фигуралар арқылы топқа бөліну. Ойындар арқылы топқа бөліну, тұрғын және үй ойыны, т.б.

Қазіргі кезде бүкіл әлемді жайлаған короновирустік инфекцияға байланысты 2020 жылдың наурыз айынан бастап қашықтан сабақ жүргіздік. Студенттерімен ZOOM бағдарламасы арқылы онлайн түрінде де топтық жұмысты да жүзеге асыруға болады екен. Мен алдын ала жоспар бойынша білім алушыларды топқа бөлемін, сабақ барысында презентацияда топ мүшелерімен таныстырып, топқа байланысты тапсырма беремін, тапсырманы топ мүшелері бірігіп



жасайды, көбінесе шығармашылық жұмыстар постер жасау, оны топ мүшелерімен қорғау, мәтінді Джигсо әдісі арқылы оқу.

Қорытындылай келе айтарым, әрбір сабақта топтық жұмыс арқылы бірлесе әрекеттенген тиімді екенін түсіндім. Бұл ұстаным – құрастырылған білімнің басты идеяларының бірі. Осы бағытты ұстанған оқу/үйрену жобаларының барлығы да бірлескен әрекеттерді үйренудің негізі деп танымын. Ж. Пиаже бұл туралы былай жазады: «Адамның ақылы өзін таниды, яғни, психологиялық тілмен айтқанда, басқа заттармен немесе басқа ақылдармен қатынаста ғана болады». Адамның санасы тек басқа адамдармен қарым-қатынаста ғана дамиды, тек қарым-қатынас әрекеттері ғана бізді жаңа түсінікке әкеледі. Ал қарым-қатынас дегеніміз өзімізді басқаларға (олардың пікіріне, идеяларына, көзқарасына, мінезіне) бейімдеу деген сөз. Топтық жұмысқа барлық білім алушылар қатысады, өйткені берілген тапсырма бірлескен жұмыс арқылы ғана орындалуы тиіс. Әр білім алушы идеяларды келтіру мен оларды талқылау, таңдау және шешім қабылдау ісіне белсенді

қатысады: топтық жұмыста әрбір пікір мен көзқарас құнды. Топтық жұмыс білім алушыларға сезім бірлескен жұмыстың қызықты әрі тартымды әрекет екендігін көрсетеді, оқушылардың жалпы еңбекке деген ынтасын арттырады.

Сөз соңында ұлы ойшылдардың нақыл сөзімен аяқтағым келеді: «Мен шәкірттерді ешқашан да үйретпеймін, мен тек олардың үйренуіне тиімді жағдай жасауға тырысамын.

Библиографиялық тізім:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық: Екінші (негізгі) деңгей /Бакиров К.А., Намысова Г.А., Аушева И.У., Шаримова А.Г., Ғабдоллақызы Б., Байкенова Б. 3-басылым. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері»;
2. Педагогикалық шеберлік орталығының баспасы, 2014.-292 б. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық.

**Айсулу Бакитжановна
УТЕПБАЕВА,**

**Маңғыстау энергетикалық
колледжінің ағылшын тілі пәні
оқытушысы.
Ақтау қаласы,
Маңғыстау облысы.**





Communicative methods of teaching English

In the course of training of pupils of various age before teachers often there is an awakening problem at pupils communication and activity at a lesson. Often there are situations when traditional forms of work don't promote inclusion of students in activity on occupations and to emergence at them cognitive interest. (1)

How it is possible to increase the level of motivation of pupils learning of foreign language at different age stages? One of ways of awakening communicative skills of pupils during the lesson is application of a game method of training, and also to work on scientific projects.

It allows:

- To easy communication in a foreign language.
- To keep interest of pupils in languages.
- To create the atmosphere of search and creativity.
- To make so that it was interesting to study.
- To become an important factor of success of the competitive expert.

What features of the organization of game activity on occupations? On the one hand, the game can be one of the making lesson stages. On the other hand, all lesson can be conducted as the game having the sequence of development. Game methods most of all promote communication not only the teacher and the pupil, but also the pupil with the pupil.

Games competitions, quizzes, role-playing games, group forms of work

are more interesting to students. They are attracted by an opportunity to show the abilities and opportunities, to show leadership skills, to express the own point of view. As shows my experience, the game becomes more interesting in case the teacher involves the material which is beyond the textbook attracts interdisciplinary communications.

For example: training at a lesson of a foreign language in use of technical and economic terminology at three languages: Tube — құбыр — труба; field — кен орны — месторождение; well — бұрғылау бағанасы — скважинные установки; money transfer — ақша аудару — денежные переводы etc.

It is necessary to notice that, informative game is one of those methods which it is better than others promote development of various psychological processes and qualities (communicative thinking, cognitive interest, activity, memory etc.). The role of game and in formation of the identity of the person as it induces pupils to productive thinking, application of the gained knowledge and abilities, manifestation of an initiative, competition, collective cooperation is huge.

In general it is possible to tell that informative game takes the worthy place among such effective methods of training as exercises, discussion, methods of the programmed training, a practical method, etc. [3]

It is also possible to apply success-



fully grammatical, lexical and phonetic games. It gives us the chance:

1. At grammatical games:

- to teach pupils to use in speech samples containing certain grammatical difficulties;
- to create a natural situation for using of this speech sample;
- to develop speech activity and independence of pupils.

2. At lexical games:

- to train pupils in the use of lexicon in the situations which are brought closer to a natural situation;
- to develop speech reaction of pupils;
- to acquaint pupils with word combined.

3. At phonetic games:

- to train pupils in pronunciation of the English words;
- to teach pupils loudly and to distinctly read poems;
- to form skills of phonetic hearing.

And now, I let me tell you how I apply a game method of training at the lessons. For example: when passing the subject “Big cities” in YA-912 group, I set the purpose: to broaden horizons of pupils, studying history, sights, traditions, population of big cities in the world in English. I have given to pupils the advancing task: to choose one of the big cities in the world and make the presentation about them, showing the presentation they should to tell about geographical position, about history, about sightseeing of these cities.

At this lesson we can see inter subject communication with history, geography, literature and art. A lesson fragment where the student of the 1st course Lapina Alina you can see her presentation about the city New York.

When studying the subject “How to get job” pupils made dialogue on a subject: “Employment in the foreign company” where students of the 2-nd course carry on dialogue among themselves. In this role-playing game one of students interviews, and another gets a job this dialogue also you can see in a video lesson.

Using dialogues at the lessons helps in future to our graduates, when they have interview at employment in the foreign company.

Working in the foreign companies, our graduates have some difficulties in understanding the meaning of some word expressions. Therefore, since the 2nd course, I carry out research work “The English idioms”.

The aims of this scientific work:

- to get acquainted with history of an origin of the English idioms and their use in oral speech (that develops at pupils of communicative abilities);
- to form ability to work with different sources of information; to develop interest in English history;

Work is conducted in three languages English, Kazakh and Russian that meets the requirements of today's time.

For example:

1. **Give/get the cold shoulder-literal translation: cold shoulder.**

In English, the word shoulder, except value habitual to us – “shoulder”, has also and other translation – “scapular part of meat ink”. Now present that in England welcome guests could give a hot, freshly cooked dish. How then welcomed uninvited guests? British, probably, weren't able to afford to leave them absolutely hungry therefore gave them a cold mutton shovel – cold mutton shoulder.



Children find analogy in Kazakh: салқындықпен карау, таныту и на русском языке: холодно, безразлично отнестись.

For example: I really needed his advice, but he has given me the cold shoulder. Students were engaged in search of the translation in Kazakh: Маған оның кенесі өте қажет болды, бірақ ол өз тарапынан салқындық танытты.

Translation: Мне очень был нужен его совет, но он проявил полное равнодушие ко мне.

2. To live from hand to mouth.

The meaning in Kazakh: аштықта тұру, қаражаттың жетіспеуінен бастаған істің басы мен аяғын қоса алмау.

The meaning in Russian: еле сводить концы с концами; жить впроголодь.

At the time of the Great War and in other economically unstable years, people often didn't know when next time the full-fledged food falls of them into hands. For this reason, in literal sense, all edible that fell into hands, at once went to a mouth — from hand to mouth. As we see, negative coloring of this expression has remained and today.

For example: They lived from hand to mouth, never knowing when the next meal was coming.

The translation in to Kazakh: Олар аштықтың салдарынан келесі жолы қай күні тойып тамақ ішерін білмеді.

The translation in to Russian: Они жили впроголодь, не зная, когда в следующий раз смогут поесть.

3. A cock-and-bull story.

The meaning in Kazakh: шындыққа сәйкес келмейтін оқиға.

The meaning in Russian: неправдоподобная история.

When you hear “and cock-and-bull story”, it doesn't mean at all that it was composed by chicken and a bull. This expression says that some history is too improbable.

For example: It is a cock-and-bull story, I don't believe a single word.

The translation into Kazakh: Бұл шындыққа сәйкес келмейтін оқиға, бір сөзіңе де сенбеймін.

The translation into Russian: Все это курам на смех, я не верю ни единому слову.

As a result of search work pupils get acquainted with the English idioms, and at the same time learn analogy in the Kazakh and Russian languages.

In conclusion, I want to tell that application of communicative methods of training helps overcoming of a language barrier at students and to become the competitive expert.

List of literature:

1. Konyshcheva A.V. Game in training in a foreign language: theory and practice. — Minsk, 2008.
2. Kulnevich S.V., Lakotsenina T.P. Not absolutely usual lesson. — Rostov-on-Don, 2001.
3. Podlasy I.P. Pedagogics. — M.: VLA-DOS, 2001. — Book 1: General bases of training.

Эльнара Болатовна
КУДАЙБЕРГЕНОВА,
учитель английского языка ОШ №4
города Аксай.
Бурлинский район,
Западно-Казахстанская область



Әдеби шығармалардағы киносценарий

«Ертеңгі еліміздің болашақ жас өрендері, бүгінде көгілдір экран алдындағы жас көрермендер. Олар тілін ұғынып, түсінбесе де бейне арқылы барлығын ой түйсігімен қабылдап отырады. Сондықтан елдің, жердің тыныс-тіршілігі, сол елдің тарихы жайлы, рухани тәрбие беретін патриоттық көркемфильмдердің атқарар рөлі үлкен», - деген өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев. Кинодан адам өзінің келбетін іздейді, әр адам өзін кинодан көргісі келеді, ұлт қаһарманы болуды қалайды.

Кино — кез келген мемлекеттің мәдениет айнасы іспетті. Ол сол халықтың тұрмыс-салты мен дәстүрін дәріптейтін құрал болып саналады. Сондықтан да бүгінде бүкіл әлем кино мен телехикая саласына салғыртпен қарамай, үлкен ден қойып жүр. Жыл сайын ең үздік туындылар таңдалып, оның авторлары құрмет даңқпен марапатталып келе жатыр. Мұның бәрі ұлттың ажырамас бөлігі мәдениет пен өнердің дамуына үлкен үлес қосатыны сөзсіз. Біздің елімізде де кино саласына жіті көңіл бөлініп, кеңінен насихатталып келеді. Себебі, кино жай ғана өнер емес, ол қоғамның ұлттық идеологиясын қалыптастыратын үлкен құралдардың бірі болып саналады. Сондықтан да, кез келген мемлекет өз кино индустриясының дамуына зор мүмкіндіктер жасайды.

Кино — идеология, кино — сауық, кино — БАҚ, кино — патриотизм. Біз — жас мемлекетпіз, әсіресе, жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуіміз керек», - деген екен. Өмірде

киноның берері орасан зор. Кино арқылы сол ел туралы барлық ақпаратты алуға болады. Кино арқылы сол ел туралы барлық ақпаратты алуға болады. Елбасы сөзін дәп айтқан. Ертеңгі еліміздің болашақ жас өрендері, бүгінде көгілдір экран алдындағы жас көрермендер. Олар тілін ұғынып, түсінбесе де бейне арқылы барлығын ой түйсігімен қабылдап отырады. Сондықтан елдің, жердің тыныс-тіршілігі, сол елдің тарихы жайлы, рухани тәрбие беретін патриоттық көркемфильмдердің атқарар рөлі үлкен. Баланы жасынан тәрбиелейтін қазіргі заман тілінде осы көгілдір экран.

Сценарий — бұл актерлер мен жүргізушілер үшін егжей-тегжейлі жазылған, бұл шоу туралы барлық ақпаратты, атап айтқанда: кейіпкерлердің диалогтары, сахнадағы техникалық сипаттамалар және әр түрлі уақыттағы актерлердің мінез-құлқын қамтиды.

Сид Филдтың «Киносценарий: сценарий жазу негіздері» кітабында сценарий жазудың қыр-сырын ұсынады.

Сценарий — әдеби кез келген хабардың негізгі және алғы шарты. Сценарий бойынша хабар барысында көрсетілген көрініс қатары, немесе хабардың мазмұны беріледі. Сценарий негізінен театрдан пайда болады. Театр XVI-XVII ғ.ғ. пайда болып «сценариус» деп аталатын бөлігі болған. Содан бастап дамыған «сценариус» — шекспирдің заманында (XVII ғ.) қызметкер болған. Ол әр түрлі актердің міндеттерін көр-



сеткен, яғни көрініс кезінде оқып, айтатын болған, оны «сценарий» деп атаған.

Сценарий — бұл бағдарламалық кодта жазылған нұсқаулықтары бар құжат. *Сценарий* — бұл компьютерлік бағдарлама шеңберінде әр түрлі функцияларды орындайтын бағдарламалау тілі.

Қазіргі заман илеуінің өлшеміне салсақ, ерлік деп бағалар едім. Сол кездегі қай киноны алып қарасақ та, мүмкіндігінше қазақ ұлтының жыртысын жыртықанын байқаймыз. Бір мысалмен айтар болсам, «Жаушы» киносында қазақ қызының ары мен намысын шебер қорғатып, «біріксек жер қайысқан қол екенбіз ғой» деп

қазақтың басын біріктіреді. Тұнып тұрған неткен ұлттық рух! Көш бас-тар деп үкілеген «*Көшпенділер*» киносы мұның жанында далада шаң қауып қалады. Тылсым табиғаттың заңдылығы бойынша, қандай да бір туынды, еңбек болсын ұлттық та-мырмен астасып жатуы тиіс. Тамы-ры жоқ туындының ғұмыры жылт еткен жылтырақпен тең. Бодандық тұстың өзінде түсірілген «*Қыз Жібек*», «*Шаңырақ*», «*Көксерек*», «*Менің атым Қожа*» сияқты кинолар бала-лардың патриоттық сезімін қалып-тастыруға ықпал етеді. Олай болса, балалардың патриоттық сезімін қа-лыптастыруға бағытталған кино-фильмдер тізіміне тоқталып өтсек.

р/с	Кинофильмнің ата-уы	Мазмұны
1	«Көк тарландары»	Фильм 25 бөлімнен тұрады. Телехикаяның негізгі мақсаты — жастарды патриотизм, отанға, еліне, туған жеріне деген шексіз сүйіспеншілікке тәрбиелеу, оларды әскер қатарына шақыру. Фильм желісінде Қазақстан Республикасының әскер қатарындағы әуе десанттарының тұрмыс-тіршілігі мен ерліктері, олардың алғаш әскерге келген күннен бастап, әскердегі соңғы күндеріне дейінгі өткен қызықты оқиғалар сипатталады. Телехикаяда қаруды қалай қолданудан бастап, елімізге қауып төне қалған жағдайда сыртқы жау-дан қалай қорғаудың, басымызға қара бұлт үйіріле қалған жағдайда қалай қорғанудың әдіс-тәсілдері көрсетіледі. Бір айта кетерлік жайт, осы фильмнің көрсетілімінен кейін әуеұтқыр десанттарының әскер қатарына барам деушілер көбейген.
2	«Жасұлан»	Әскери-патриоттық телехикаяда «еліне, жеріне қорған болсам, тірек болсам» деген үш достың басы-нан кешкендері баян етіледі. Қазақтың Ш. Айманов атындағы киностудияның қолдауымен түсірілген телехикая 8 бөлімнен тұрады. Мақсаты — жастарға даңқ мен абыройдың, ерлік пен елдіктің, жігер мен қайраттың, сый мен құрметтің не екенін ұғындыру.



		Жалпы әскер қатарына алынған сарбаздың, оның ішінде жас ұландықтардың міндеті, мақсаты біреу. Ол өз елін, жерін басын тігіп жаудан қорғау, еліне адал қызмет істеу. Осының барлығы көркем туындыда көрсетіледі. Бұл фильмдегі басты рөлдерді аталмыш мектептің оқушылары сомдайды. Сондай-ақ, фильмнің түсірілу барысында Президенттің жеке гвардиясының да қызметкерлері тартылған.
3	«Жау жүрек мың бала»	Бұл фильм қазақ тарихын аздап болса да паш ете білген төл туынды. Фильм желісінде XVI бастап XVII дейін созылған қазақ-жоңғар соғысы сипатталады. Ұлан-ғайыр жерді қас жаудан қорғап қалу үшін Әбілқайыр хан тұсында Кіші жүздің әскерінде кілең балалар мен жасөспірімдердің құралған «Мың бала жасағы» болған. Сол жасақты Хиуа хандығының бас биі Байжанның ұлы он алты жасар Сартай басқарған. Фильмде осы Сартай басқарған туған жерін азат етуде жоңғарларға қарсы күреске шыққан жас мың жауынгер балалардың ерліктері көрсетіледі. Көркем туындының ұраның өзі <i>«Туған ел, сүйген жар, намыс үшін от кешкендер»</i> деп әрбір азаматты туған жеріне деген сөзбен айтып жеткізе алмас, патриоттық сезімге шақырады. Ақан Сатаевтың бұл жобасы да қазақ киносының дамуына айтарлықтай үлес қосқаны сөзсіз. Себебі фильм 65-Канн кинофестивалында көрсетіліп, шетел көрермендер тарпынан да оң бағасын алды.
4	«Амангелді»	Тарихи кино, Қазан төңкерісінен кейін пайда болған қазақ киносының алғашқы туындысы. «Лен-фильм» студиясында түсірілген бұл көркем фильм ұлт батыры Амангелді Иманов туралы болатын. Оның режиссері Марк Левин болса, Амангелдіні сомдаған әртіс Елубай Өмірзақов еді. Міне, осы алғаш қазақ киносы өмірге келді. «Амангелді» фильмі 1938 жылы экранға шықты.
5	«Көшпенділер»	«Көшпенділер» фильмінің негізіне 18 ғасырда қазақ жерінде болған нақтылы тарихи оқиғалар-жоңғар жаулаушыларына қарсы қазақтардың азаттық соғысы алынған. Фильмнің негізгі тұлғалары — бізге тарихтан белгілі тұлғалар Әбілқайыр хан, Абылай хан, данышпан Төле би, жоңғарлардың қолбасшысы Қалдан Церен. Фильмнің басты кейіпкері — Мансұр халықты артына ерткен сарбаз жолындағы бар қиыншылықтардан өтіп, кейін Абылай хан атанады. Сүйген қызы — Гауһар есімді батыр қыздың арқасында адами қасиеттерін де баяндалады.



6	«Бандыны қуған Хамит»	Сәкен Сейфуллин «Бандыны қуған Хамит» әңгімесі желісінде түсірілген. Хамиттың ерлігі арқылы жас ұрпақты батылдыққа, ержүректікке, отанын сүйге, патриоттыққа тәрбиелейді.
---	-----------------------	---

Кино арқылы әрбір мемлекет өзінің салт-дәстүрін, тарихын, тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін көрсетіп, дәріптейді. Бұқаралық мәдениеттің пайда болуына, қалыптасуына негізінен коммуникациялық құралдар әсер етті. Коммуникациялық құралдардың дүниеге келуі бұқаралық мәдениеттің дамуына үлкен үлес қосты. Кинематографтың, радионың, теледидардың пайда болуы көпшілік адамның өнерге, әдебиетке қатысты болуына мүмкіндік туғызды. Бұл орайда, ғылымға «экрандық мәдениет» деген ұғым енгізілді. Бұқаралық мәдениетті зерттеуші ғалым Э. Шилздің пікірінше, мұндай мәдениет түрінде адам өзінің өмірінен, ондағы сәтсіздіктерден, уайым мен қайғысынан бір сәт демалуға, оны ұмытуға мүмкіндік алады.

Бұқаралық мәдениет мұнда ойын сияқты адамға шынайы өмірде жоқ шаттық пен бақытқа, арман мен қиялға қол жеткізгендей елес береді. Бұқаралық мәдениет адамның стереотиптеріне, оның қойнауында жатқан архаикалық белгілеріне негізделеді.

Бұқаралық мәдениеттің құбылысы болып табылатын кинематографта махаббат пен детективтік тақырыптар белсенді түрде пайдаланды. Мұндай кинотуындылардың құрылымы мен құрылысы адамға қанша таныс болғанымен, бірақ адам ондағы сюжеттен, композициядан ылғи да ләз-

зат алып, қуаныш табады. Оның себебі, Б.Ұ. Нұржанов атап өткендей, бұл кинолардың адамды өз өмірін ұмыттыруға, өзге өмірді ойнауға шақыруында жатыр. Б. Момышұлының «Артымызда Москва», «Бір түннің оқиғасы», «Жауынгердің тұлғасы», М. Ғабдуллиннің «Менің достарым», Ә. Сәрсенбаевтың «Офицер күнделігі», Т. Ахтановтың «Қаралы күндер», Ә. Нұрпейсовтың «Күткен күн» және т.б. көптеген қалам қайраткерлерінің туындыларындағы халықтың ерлігі, әскери адамдардың қаһармандығы, олардың рухани дүниесінің биіктігінің, балаларды әскери-патриотизмге тәрбиелеуде маңызы зор. Режиссер Е. Дзиган 1952 жылы экранға «Жамбыл» көркемсуретті фильмі шығады. «Жамбыл» фильмінің түсіру алаңында өндірістік жағына біраз қатысып, тәжірибе 1950 жылдардың екінші жартысында көркемсуретті фильмдер өндірісі біртіндеп қарқындап бастады. Осындай уақытта пайда болған тоқыраудан шығып, біртіндеп өрлеу кезеңі басталды.

1955-1960 жылдар аралығында «Махаббат туралы аңыздан» кейін қазақ кино Студия коллективі ұлттық маман кадрлармен толықтырылады. Алғашқы ұлттық режиссер Бес жыл ішінде Совет Одағындағы киномамандарының бағалауында үздік деп Көп ұзамай экранға С. Қожықовтың «Біз Жетісуданбыз» (1958 ж.), Тұтасымен



камтығанда, 1950-1960 жылдар тұсындағы көркем фильмдер өндірісін жалпы Оқушыларды ел сүйгіштік, ата-ананы сүю, Отанды сүю мәселесінде қандай шығармалар оқығанын, қандай шығармаларды оқуды ойлап жүргендігі жайындағы пікірлері жөнінде әңгімелер өткіздім. Бұл әңгіменің барысында шәкірттер өздерінің оқыған шығармаларын атады. Ауыз әдебиетінен мысалы: «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», т.б. шығармаларын атап көрсетті. Ал Махамбеттің шығармалары, әсіресе, «Баймағанбет Сұлтанға айтқаны», «Ереулі атқа ер салмай», «Ұлтуса», «Әй, Махамбет жолдасым». Ал мұндай туған елді, ұлтын сүю тақырыбында ХІХ ғасырдың жазушыларының шығармаларынан Абайдың «Қайран елім, қазағым қандай жұртым», т.б. М. Жұмабаевтың елді сүю, оған қызмет ету тақырыбында көптеген шығармалар жазған. Мысалы, «Мен сүйемін». Осындай тақырыптарда С. Торайғыровтың «Туған еліме», «Шәкірттерге», т.б. атты шығармалары оқығандығы жөнінде сөз болды. Патриоттық тақырыпқа оқыған шығармаларынан І. Есенберлиннің «Көшпенділер», Т. Ахтановтың «Күткен күн», М. Мақатаевтың өлеңдерінде атап өтсек болады. Кино тарихшы, теоретик Зигфрид Кракауэр: «Өзінің ширек ғасырлық өмір сүру кезеңінде кино ғажайып жемісті жолды бастан кешірді. Ғажап суреттердің қозғалыстары дәуренінен синтетикалық-дыбыстық, түрлі-түсті, көлемді, кең экранды қойылым жасайтын, әрі адамның мінез-құлқының тереңіне бойлайтын сыртқы

қозғалыстарды жазып алумен қатар, тарихи оқиғалардың табиғаты мен күрделі әлеуметтік құбылыстар шеңберіне дейін ене білді. Кинодағы көркемдік мүмкіндіктердің дамуы мен баю жолы әлі де біте қойған жоқ. Экран өз келбетін суреткердің еркі бойынша өзгертуге, телевизия болса киноға өзінің шексіз көпшіліктігін және еңсерілмеген шығармашылық мүмкіншіліктерін әкелуге дайындалу үстінде. Сондықтан кино өнер туындысын өмірге әкелетін суреткерлермен бірге, спецификасы, мән-мағынасы мен жетістігін тарататын теоретиктердің алдында жаңа мәселелерді алға тартады», - деп жазғандай, киномен бірге анимация өнері де дамудың сатыларын еңсеріп, өзіндік орнын жоғалтпай келеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ногербек Б.Р. Тернистый путь киноматографии // - Нива. - 2005.
2. Кракауэр З. Природа фильма. Реабилитация физической реальности — М.: Искусство, 1974. - 423 с
3. Тәуекел С. Олжас Сүлейменов және қазақ киносы //Жас Алаш. 16 мамыр, - 2006,
4. Мурсалимова Г. Киноның тәрбиелік мәні. Қазақ киноматографиясындағы балалар бейнесінің бүгінгі тәрбиедегі мәні ерекше //Сынып жетекшісі. - 2005. №1. - 41-43 б.

Айымерке РАМАЗАНҚЫЗЫ,
Сулейман Демирел атындағы университетінің қазақ
тілі мен әдебиеті мамандығының
1-курс магистрі.
Алматы қаласы.



Worldskills стандартына сәйкес балықтан ыстық тағам дайындап ұсыну



Батыржан Бауыржанұлы ӘКІРАМ,

«Алматы облысының қызмет көрсету және тамақтандыру саласындағы инновациялық технологиялар колледжі» МКҚК өндірістік оқыту шебері, Азық-түлік өнімдерінің технологиясы мамандығының техника және технологиялар магистрі.

Алматы қаласы.

Шебер сынып – шебердің кәсіби деңгейін арттыру және озық тәжірибемен алмасу, ой-өрісін кеңейту және білімнің жаңа салаларына тарту мақсатында түрлі әдістемелер мен технологиялар бойынша тәжірибелік дағдыларды пысықтау үшін оқыту тренинг-семинарын өткізудің заманауи түрі.

Мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру саласында біліктілікті арттыру үшін тәжірибені жетілдіру.

Міндеттері: Өндірістік оқыту шеберлер арасында тың идеялар мен тәжірибе алмасуында ықпал ету;

Worldskills стандартына сәйкес балықтан тағамдарды әзірлеу, бензидіру және ұсыну.

Тапсырмада берілген өнімдердің барлығын қолдануы; Ұсыну тәртібінің дұрыс болуы (тапсырмаға сәйкес) Тарелке тазалығы (шашыраудың болмауы, саусақ іздері)

Күтілетін нәтиже: Жас мамандар шығармашылықтарындағы тың идеяларды ортаға салу арқылы тәжірибе алмасады.

2021-2022 оқу жылының желтоқсан айында балықтан жасалған тағамдар тақырыбына шебер сыныптар өткізілді. Осы шебер-сыныптар

Worldskills стандартына сәйкес жасалынды.

Технологиялық карта Қақталған макрель балығы

Шикізаттың атауы	Брутто массасы	Нетто массасы
Макрель балығы	400	260
Алмұрт	80	70
<i>Піскен балық массасы</i>		<i>200</i>
<i>Піскен алмұрт массасы</i>		<i>50</i>
<i>Тұздық 1</i>		
Шие шырыны	25	25
Қаражидек	7	5
Корица	2	2
Лимон сиропы	3	3
Анар тұздығы	3	3
Крахмал	2	2
<i>Шығымы</i>		<i>25</i>
<i>Тұздық 2</i>		
Майонез	13	10
Куркума	5	5
Песто	13	10
<i>Шығымы</i>		<i>25</i>
<i>Лимон</i>	15	<i>10</i>
<i>Дайын тағам шығымы</i>		<i>310 г.</i>



Дайындалу технологиясы: Балықты тазалап, алғашқы өңдеуден өткіземіз. Оң жақ филесін құйрық жағынан басына қарай кесіп, басына жеткенде кесуды тоқтатамыз да ішке қарай ораймыз. Құйрық жағына омыртқасын майыстырып форма береміз де дәмдендіріп қақтау пешінде 180 Цельсий градуста 15 мин пісіреміз. Шие шырынына каражидек, корица, анар тұздығын, лимон сиропын қосып араластырып, үстіне тазаланған алмұртты отырғызып пісіреміз. Алмұрт піскеннен кейін тұздықты сүзгілеп, крахмалмен қоюландырамыз. Майонезге куркума, песто тұздығын қосып араластырамыз. Дайын тағамды розмарин, апельсин чипсыларымен әрлеп ұсынамыз.

Шебер сыныптың ерекшелігі:

- Тәжірибемен алмасу және беру;
- Іскерлік көзқарас;
- Теория мен тәжірибенің терең үйлесімі;
- Рефлексивтік қызмет.

Шебер сыныптың негізгі кезеңдері:

педагогикалық мәселелердің қойылуы. Педагогикалық тәсілдерді көрсету. Әр қимылды әңгімелеу:

- Қоқыс бактарды дұрыс пайдалану;
- Мәзірде мәлімденген дайындау тәсілдерінің сәйкестігі; қалдықтарды бағалау; ысырапшылдық;
- Қатысушының жұмысын сараптамалық бағалау;
- Жеке гигиена;
- Жұмыс орны;
- Мәзірге сәйкес ингредиенттерді таңдау;
- Ингредиенттерді анықтауға, оларды пайдалану дағдылар мен білімі;

Дайындау және жылумен өңдеу

тәсілдерін білу және қолдану;

- Тағамдарды күрделендіру кезінде құралдар мен жабдықтарды қолдану және пайдалану;

- Жұмыс орында техника қауіпсіздігі; Қатысушының жұмыс нәтижесі;

Қатысушының жұмысын сараптамалық бағалау:

- Өзекті гастрономиялық үдерістерге сәйкес жұмыс процесін жоспарлау және жүргізу, аса маңызды міндеттерді көрсете отырып басымдықтарды орналастыру;

- Жеке гигиена;
- Жұмыс орны;
- Мәзірге сәйкес ингредиенттерді таңдау;

- Тағам ингредиенттерін анықтауға, оларды пайдалануға және аспаздық өңдеуге қатысты дағдылар мен білімі;

- Дайындау және жылумен өңдеу тәсілдерін білу және қолдану;

- Тағамдарды күрделендіру кезінде асханалық құралдар мен жабдықтарды қолдану және пайдалану;

- Жұмыс орнында техника қауіпсіздігі.

Қатысушының жұмыс нәтижесін бағалауда өлшенетін аспектілері:

- Ұсыну уақыты — нақты беру уақыты;

- Тағамды нақты беру уақытынан кешіктірілген кезде ұсынылмаған болып есептеледі және бағаланбайды;

- Тағамның құрамындағы компоненттері мәзірде көрсетілген.



Ертегілер еліне саяхат



Тұрсынай
ДАКИРОВА,
ЖШС «Dameli
МК» балабақшасы
«Күншуақ» тобы
тәрбиешісі.
Әуезов ауданы,
Алматы қаласы.

«Қоян мен түлкі» орыс халық ертегісі.

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: «Көркем әдебиет», «сөйлеуді дамыту»

Мақсаты: Балаларға ертегілер әлеміне еніп, жақсы көңіл күй сыйлау. Оларға қызықты тапсырмалар орындалта отырып, тақпақтар, жұмбақтар, ертегілер арқылы тілін дамыту. Диалогты сөйлеу мәдениетін әрі қарай дамыту. Логикалық ойлауын жетілдіріп, адамгершілік тәрбиесіне баулу. Дыбыстарды түрлі екпінде анық және дұрыс айту, сыбырлап және қатты айту. Интонацияларды ажырата алу және оларды айту. Кеңістікте бағдарлану (сахнада, ойластырылып құрылған сахна алаңында), түрлі қарқында қозғалу. Өз әрекетін серігінің әрекетімен үйлестіру, оның қалай әрекет ететінін алдын ала сезу. Басқа кейіпкерлермен рөлдік қарым-қатынасқа түсу. Ым-ишара, дауыс ырғағы, ойын атрибуттарын қолданып таныс әдеби шығармалар негізінде кейіпкерлердің бейнелерін жасау.

Ертегіні сахналау арқылы бала-

лардың тіл байлығын, ой қиялын дамыта отырып, рөлге кіре білуге үйрету.

Әдіс-тәсілі: сұрақ-жауап, жұмбақтар шешу, тақпақтар, топқа бөлу, сергіту сәті, пазлдар, кескінді суреттер құрастыру

Оқу қызметінің түрі: Аралас ашық оқу қызметі

Қостілді компонент: ертегі — сказка — fairy-tale, көңілді — веселый — merry, қыс — зима — winter.

Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізге көп қонақтар келіпті, келген қонақтармен амандасайық.

Здравствуй солнышко родное,
Здравствуй небо голубое,
Здравствуй матушка Земля
Здравствуй ты, здравствуй я!

Тәрбиеші: Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер мұқият тыңдап шешімін табындар.

Жұмбақ:

Аяз қысып, өрнек сызып,
Терезені торлайды.
Қарға омбығып, бет домбығып,
Сырғанап балалар ойнайды.
Айтындаршы балаларым,
Бұл қай мезгілде болады?

Балалар: Қыс мезгілінде.

Тәрбиеші: Дұрыс, балалар. Жарайсындар!

Сұрақ-жауап:

Ал, қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Қазір қыс мезгілі.

Тәрбиеші: Балалар қыс деген сөзді қос тілде айтайықшы. Қыс-зима.



Тәрбиеші: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айтып беріңдерші.

Балалар: Қыста күн салқын болады, аяз болады, қар жауады, боран болады.

Тәрбиеші: Қыс мезгілінде неше ай бар?

Балалар: Қыс мезгілінде үш ай бар. Желтоқсан, қаңтар, ақпан.

Тәрбиеші: Қазір қандай ай?

Балалар: Желтоқсан айы.

Тәрбиеші: Қыс мезгілі туралы тақпақ білесіңдер ме?

Айсултан:

Қыс айлары көңілді,
Ақ қар жапты өңірді.
Үйренеміз жалықпай,
Шана, шаңғы тебуді.

Алихан:

Как белый пух, снежок летает,
Встречайте зимушку-зиму!
А на ладошке снежок тает,
Уж очень там тепло ему.

Тәрбиеші: Жарайсың, өте ақылды екенсіңдер.

Тәрбиеші: Балалар, ерте ерте ерте-

де деп не басталатын еді? Ребята, что начинается со слов «давным-давно»?

Балалар: Ертегі-сказка.

Тәрбиеші: Ендеше балалар біз бүгін ертегілер еліне саяхатқа шығамыз. Ертегі әлеміне бармас бұрын ондағы кейіпкерлер туралы есімізге түсірейікші. Олардың өздеріне тән мінез құлықтары болады: ашулы, қатал, мейірімді, адал, қайырымды. Сендер қандай кейіпкерлерді ашулы деп елестетесіңдер? Ребята каких злых сказочных героев вы знаете? Назовите их.

Балалар: мыстан кемпір, қасқыр, арыстан, жолбарыс ашулы.

Тәрбиеші: мейірімді, адал кейіпкерлерді атаңдар. Назовите добрых сказочных героев?

Балалар: қоян, мысық, әтеш, ит адал кейіпкерлер.

Тәрбиеші: ал енді балалар ертегілер еліне бару үшін ертегідегі бақыт құсына айналып, қанатымызды жайып ұшып көрейік.





Ребята, чтобы отправиться в страну сказок мы должны превратиться в сказочную птицу счастья. Давайте, раскроем крылья и полетим.

Музыка қосылып, балалар әуенмен қимыл жасайды.

Тәрбиеші: Міне, балалар ертегілер еліне келдік. Балалар, біз өзімізді гүлдер бағында жүрміз деп елестетейік. Гүлдер әдемі және хош иісті болады.

Қане, гүлдерді иіскеп көрейікші.

Тамаша! Енді орнымызға отырамыз. Ребята, давайте все займем свои места.

Ендеше мен сендерге қазір сендердің көмектеріңмен «Қоянның үйшігі» ертегісін айтып берейін. Олай болса бәріміз ертегіні тыңдауға назар салайық.

6 бала ойнайды.

Қоянның үйшігі. (Орыс халық ертегісі)

Орманда түлкі мен қоян өмір сүріпті. Түлкінің үйшігі мұздан, ал қоянның үйі ағаштан болыпты.

Көктем келіп, күн жылынғанда түлкінің үйшігі, әрине бірден еріп кетті.

Бойы мұздаған түлкі қоянға келеді.

- Қоян, қоян! Мені кіргізші, жылынып алайын!

Жылпос түлкі осылай алдап-сулап, аңқау қоянның үйшігіне кіріп



алып, ақыры оны үйінен қуып шығады.

Қоян жылап келе жатып, иттерге кезігеді.

- Қоян, қоян! Не болды саған? Соншалықты қамығып кетіпсің ғой?

- Қалай жыламаймын? Түлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды. Енді міне, баспанасыз тентіреп жүргенім...

- Жылама! Біз ол оңбағанды қазір ақ қуып шығамыз.

Иттер жиналып, қоянның үйіне келеді.

- Аф, аф, аф! Әй, түлкі, шық қане! Босат, қоянның баспанасын!

- Аха! Шықсам шығайын! Бірақ, мен далаға шықсам, сендерге жақсы болмайды ғой! Барлығыңды бытшыт қыламын! - деді түлкі қорқытып. Иттердің үрейі ұшып кетті. Басы аманда қашып құтылуды ойлап, тайып тұрады. «Үйі жоқтың — күйі жоқ» деген. Қоян қаңғи-қаңғи шаршап, тағы да жылай бастайды. Алдынан аю шығады.



- Қоян-ау, не болды? Сонша неге жылайсың?

- Жыламағанда қайтемін? Түлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды.

- Жылама! Мен оны қуып шығамын.

- Жо-оқ! Қуып шыға алмайсың. Иттер де қуып шыға алмады.

- Көресің, қуып шығамын.

- Аю үйшіктің алдына келіп:

- Түлкі, шық! Босат қоянның үйін! — деп ақырады.

- Түлкі болса пеш үстінен:

- Шықпаймын. Шықсам саған жаман болады. Быт-шытыңды шығарамын! — деп қорқытты. Аюдың үрейі ұшып кетті. Басы аманда қашып құтылуды ойлады.

Амалы құрыған қоян тағы да жылай бастады. Караса, жанынан алтын айдарлы әтеш өтіп барады. Қолында күмістей жарқыраған шалғысы бар.

- Қоян, қоян! Неге жылап отырсың? - деп сұрады.

- Жыламай қайтейін? Түлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды.

- Жылама! Мен оны қазір қуып шығамын!

- Жо-жөк! Қуып шыға алмайсың! Иттер қуды, қуа алмады. Аю қуды, қуа алмады. Сен де қуа алмайсың!

- Жүр, көресің! Қуамын!

- Екеуі үйшік жанына келді. Әтеш қатты дауыстап өлең айта бастады.

- Шөп шабамын, шөп шабамын! Түлкіні іздеп табамын. Қоянның үйінен шықпаса, оны да шалғынша шабамын!

Түлкі қорқып кетіп: «Киініп жатырмын», - дейді.

- Шөп шабамын, шабамын! Түлкіні іздеп табамын. Қоян үйінен шықпаса, оны да шалғынша шабамын! - деп әтеш қайта әндете бастайды.

Түлкі сасқалақтап: «Қазір-қазір, тонымды киіп жатырмын!» - дейді.

Әтеш әнін үшінші рет қайталай бастайды. Түлкінің зәресі ұшып кетеді.

Аман-сауында зыта жөнеледі. Сөйтіп, қоян ержүрек әтештің көмегімен қайтадан өз үйінде тұра бастайды.

Тәрбиеші: Балалар ертегі сендерге ұнады ма? Қай кейіпкер ұнады?

Ендеше, балалар тақтадағы тапсырманы орындайық, тақтада ертегі кейіпкерлерінің суреттері ілінген, бірақ олардың көңіл күйлері әр түрлі сияқты, сендер кейіпкерлердің суреттегі көңіл-күйлерін смайлик арқылы сәйкестендіріп, анды үш тілде атап беріңдер.

Тәрбиеші: Балалар қарандаршы қоян бізді көріп қорқып тұрған сияқты ендеше оның қорыққан түрін көрсетейік.

Тәрбиеші: Келесі суретті қараңдаршы нені көріп тұрмыз?

Балалар: Түлкінің суретін көріп тұрмыз.

Тәрбиеші: Иә, түлкі бізді көріп таңқалып тұр. Түлкінің таңқалған түрін көрсетіңдер.

Тәрбиеші: Келесі суретті қараңдаршы, нені көріп тұрмыз?

Балалар: Аюдың суретін көріп тұрмыз.



Тәрбиеші: Иә, балалар, аюымыз мұнайып тұр екен, ендеше қане аюдың мұнайған қалпын көрсетіндер.

Тәрбиеші: Жақсы, балалар, енді мен сендермен тағы бір ойын ойным келіп тұр, мен сендерге жұмбақ жасырамын:

Үйін жинап ертемен,

Мейіз тауып алыпты.

Мысығы келмеген соң,

Ол өкпелеп қалыпты.

Бұл қай ертегі? («Мақта қыз бен мысық»)

Апасынан қашып кетті,

Атасынан қашып кетті,

Кездестіріп біраз анды,

Біраз жолдан асып кетті («Бауыр-сак»)

Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Қандай ақылдысыңдар!

Дыбыс естіледі. Қоян жылап кіріп келеді.

Тәрбиеші: Сәлеметсің бе, қоян! Сен неге жылап жатырсың, саған не болды?

Қоян: Қалай мен жыламаймын, менің үйшігімді түлкі алдап тартып алды, кім маған көмектеседі? - деп балалардан сұрады.

- Балалар, қоян қай ертегіден келді?

- «Қоян мен түлкі» ертегісінен.

Тәрбиеші: Жылама қоян, біздің балаларымыз сондай ақылды.

Қане, балалар, қоянның көңілін көтеріп, қоян туралы тақпақ айтып, бойымызды сергітіп алайық.

Сергіту сәті: «Ұзын құлақ сұр қоян»

Ұзын құлақ сұр қоян

Естіп қалып сыбдырды,

Ойлы-қырлы жерлермен

Ытқып-ытқып секірді.

Қарап еді артына,

Қиығын сап көзінің

Келе жатқан томпаңдап,

Көжегі екен өзінің.

Тәрбиеші: Қоян, саған біздің балаларымыз үйшік жасауға көмектеседі. Ол үшін біз топқа бөлінейік. (Карточка бойынша)

1-топ: үйшік құрастырады (кескінді суреттер бойынша – разрезные картинки)

2 топ: үйшік құрастырады (басқатырғыштарды құрайды – пазлы собирают)

Тәрбиеші: Балалардың жұмысын мадақтау.

Қоян балаларға рахмет айтып, орманға қайтады. Сау болыңдар, балалар!

Қорытындылау: Балалар, бүгін біз қайда бардық? Қандай ертегімен таныстық?

Балалар түлкінің істегені дұрыс болды ма? Неге?

Бізге қонаққа кім келді? Бүгін біз не жасадық? Кімге көмек бердік?

Ендеше, балалар, ертегідегі мейірімді кейіпкерлер сияқты бір-бірімізге жақсылық жасап, жақсы сөздер айтайық.

Балалар бір-біріне жақсы тілектер айтады.

Тәрбиеші: Балалар, бүгін сендер өте жақсы қатысып, жақсы жауап бердіңдер, сендерге көп рахмет. Осымен оқу қызметіміз аяқталды, сау болыңыздар!



5-6 жас балаларына арналған «Жас зерттеушілер» вариативтік бөлім бағдарламасының мазмұны

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбиесінің бағдарламасының мазмұны баланың жеке әлуетінің ашылуына мүмкіндік шарттар жасау, білім жүйесін қалыптастыру, тұлғаның жан-жақты дамуына қолдау жүргізу. Мектепке дейінгі жастағы баланың ақыл-ойының дамуы тұтасымен ұлттық дамудың стратегиясымен байланысты және мемлекеттік саясаттың бір бөлшегі болып табылады.

Вариативтік білім беру — Қазақстандағы қазіргі білім беру жүйесін дамытудың негізгі ұстанымдары мен бағыттарының бірі. Жоспардың вариативтік бөлімі білім берудің вариативтілігін, мектепке дейінгі ұйым қызметінің басым бағытын көрсетеді, балалардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескере отырып, оларға арналған білім беру қызметінің саласын кеңейтуді қамтамасыз етеді. *Вариативтік компоненттер:*

- «Денсаулық» білім беру саласы;
- «Коммуникация» білім беру саласы;
- «Таным» білім беру саласы;
- «Шығармашылық» білім беру саласы;
- «Әлеумет» білім беру саласы.

Мектеп жасына дейінгі балаларда 4К моделі бойынша негізгі құзыреттерді қалыптастыру «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» білім беру салаларында жүзеге асырылатын болады.

Мектепке дейінгі ұйымдардың үлгілік оқу жоспарында вариативтік бөлімді ұйымдастыруда келесі қағидаларды ескеру қажет:

- *әр жеке тұлғаның психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін, интеллектуалды дамуын* ескере отырып, халыққа білім берудің барлық деңгейіне қолжетімділік, сапалы білім алуға барлығының тең құқылығы;

- *психологиялық жайлылық* (мейірімді атмосфера);

- *табиғилылық* — баланың денсаулығы, психикалық және дене дауының оның жаратылысымен сәйкес дамуы;

- *жеке тәсіл* — баланы жеке тұлғаретінде дамыту үшін қолайлы жағдай жасау;

- *кіріктіру* — тәжірибелік-эксперименттік іс-әрекетті басқа іс-әрекет түрлерімен кіріктіру;



- *ғылымилық* — балаларға шынайы ғылыми білім беріледі;

- *мазмұнның дамытушылық әсері* — баланың жақын даму аймағындағы біліміне сүйену, баланың таным әдістерін меңгеруін қамтамасыз ету;

- *жүйелілік* — баланы әлемнің біртұтас бейнесі туралы біліммен қамтамасыз ету үшін, балаларға берілетін білімнің бір-бірімен байланысты болуы;

- *өлке тану қағидасы* — аймақтық ерекшелікті ескеріп, мектеп жасына дейінгі баланың алған білімдерін күнделікті өмірмен байланыстыруды қамтамасыз ету;

Вариативтік компонент — мектепке дейінгі ұйымдардың тақырыптық бағыты бойынша жұмыс, эксперимент жұмысы, педагогтердің шығармашылық жұмыстары, дарынды балалармен жұмыс, ұйымдастырылған оқу қызметтерінен тыс балалардың қызығушылығы және шет тілдерін үйрету бойынша жұмыс болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес топтарда вариативтік жүктеменің жалпы апталық көлемі төмендегідей: Вариативтік бағдарламаның мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың жеке, эмоционалдық, әлеуметтік және зияткерлік дамуын қалыптастыру болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымдардағы үйірме жұмыстарының бағыттары:

- табиғатпен берілген баланың шығармашылық әлеуетін дамыту;

- шығармашылықты тануға мотивациялық дайындығын дамыту;

- зияткерлік және рухани дамыту;

- баланың шығармашылық өзін-өзі танытуы және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыру;

- бала тұлғасының дамуы үшін жағдайлар жасау;

- баланың психикалық және денінің саулығын нығайту;

- педагогтың отбасымен ықпалдасты.

Үйірме жұмысын ұйымдастыру үшін білім беру бағдарламалары: инновациялық, авторлық технологиялардың, жұмыс бағдарламаларды таңдау қажет.

Қазіргі таңда оқыту қызметін жүзеге асыру үшін балабақшада оқыту-әдістемелік құжаттары бар:

- 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі жалпыміндеттік оқыту мен тәрбиелеу стандарты;

- 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің бұйрығымен бекіткен Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі типтік оқыту жоспары;

- «*Алғашқы қадам*» ерте жастан (1-ден 3-ке дейін) балаларды оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасы, құрушы авторлары: Б. Ноғайбекова, И. Тирская, Г. МаксUTOва;

- «*Зерек бала*» кіші мектепалды жастағы (3-5 жас аралығы) балаларды оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасы, құрушы авторлары: Т. Калашникова, Г. Новогренко, Н. Матвиенко, Г. Жигайло;



- «Біз мектепке барамыз» жоғары мектепалды жастағы (5-6 жас аралығы) балаларды оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасы, құрушы авторлары: Н. Татаурова, Т. Дрыгина, И. Тирская, Г. Корчевская, И. Митрофанова, С. Шелипова, С. Шақабаева;

- Балабақшада 5-7 жас аралығындағы мектепалды дайындық тобы балаларының бағдарламасы, құрушы авторлары: Ж. Қараева, Д. Ысмаилова, Т. Попова, Алматы, 1999 ж.

Балабақшаның барлық жастағы топтары бойынша вариативті компонентінің әдістемелік көмекші құралдары мен Қосымша бағдарламалары:

- «Дүниені танып білемін» — («Қайнар» бағдарламасы бойынша әдістемелік ұсыныстар «Дүниені танып білемін» (Познаю мир), авторлары Т.И. Гризик, К.А. Аймагамбетова, Г.Ж. Майкотова, — Алматы: Просвещение-Қазақстан, 2007)

- «Зерттеу — тәжірибе іскерлігі» - («Жас зерттеуші» әдістемелік ұсыныстар, автор Г. И. Нурбаева, — Астана, 2012. Астана қ. ББЖКБА ҚДИ оқу кеңесінің шешімімен ұсынылған, 2012 жылғы 3 сәуірдегі №30);

- «Үш тілде сөйлейміз» — («Кішкентай тілмаш» әдістемелік ұсыныстар, Әдістемелік ұсыныстардың авторлары Ж.А. Жанаева, Б.Қ. Құсмамбетова, Н.Қ. Жолдыбаева, Г.С. Біртаева, Ғ.Б. Омарова, Г.Ж. Түгелбаева, 2014).

Балабақшада оқыту-әдістемелік жұмыстары оқыту-тәрбиелік жұ-

мыстардың жылдық жоспарымен сәйкес жүргізіледі. Жылдық жұмыс жоспары келесі бөлімдерден тұрады:

- балабақшаның паспорты, өткен жыл жұмыстарының талдауы;

- әдістемелік тақырыптар мен жылдық тапсырмалар;

- мұғалімдердің сапалық құрамы; балабақшаның жұмысын реттейтін негізгі нормативті құжаттар;

- балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау;

- ҚР «Тілдер туралы» Заңын орындау; оқыту-тәрбиелік процесті (педагогикалық және әдістемелік кеңестер, семинарлар;

- аттестациялық комиссияның отырысы; меңгеруші жанындағы жиналыс; өндірістік жиналыстар) әдістемелік-ұйымдастырумен қамтамасыз ету;

- балалармен педагогикалық-ұйымдастыру жұмыстары;

- ата-аналармен жұмыс; бақылау мен жетекшілік;

- әкімшілік-шаруашылық жұмыстар.

Жылдық жоспар іс-шаралары жылдық тапсырмаларды шешуге бағытталған. Балабақша топтарында ұйымдастырылған оқу-іс әрекетінің қызметі бекітілген кестемен, сағаттық жүктеме мен өткізу ұзақтығымен сәйкес жүргізіледі. Балаларға оқыту процесін ұйымдастыру кезінде «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» мектепалды бағдарламаларына оқыту-әдістемелік кешен, 2+, 3+, 4+, 5+ және мектепалды даярлық 5-7 жастағы бала-



лар үшін оқыту - әдістемелік кешені пайдаланылады.

Балалардың зерттеушілік әрекеті танымдық белсенділікті арттыру, креативтілікті дамыту және белгілі бір тұлғалық қасиеттердің, соның ішінде топта жұмыс жасай білу қабілетін арттырады, жауапкершілікке тәрбиелейді.

Жалпы «зерттеу» сөзінің түсінігі – танымдық қызметтің арнайы түрі ретінде ғылымға тән жаңа білім өндіру тәсілі деп түсіндіріледі.

Ал «зерттеушілік іс-әрекетке» философиялық сөздікте – жаңа білім өндіруге бағытталған ойлау туралы, қоғам туралы әрекет деген түсінік беріледі. Зерттеушілік іс-әрекет туралы зерттеудің негізін қалаушылардың бірі – Д. Берлайн. Ол физиологиялық бағыттылық тұрғысынан берген анықтамасында «зерттеу іс-әрекет – беймәлімділіктің туындауынан ынтаны бәсеңдетпегуге бағытталған әрекет» десе, А.Н. Поддьяков «зерттеу іс-әрекеті – сырттай қоршаған ортадан жаңа мәліметтер іздестіру мен оларды табуға бағытталған белсенді әрекет» деген түсінік береді.

Олай болса, мектепке дейінгі ұйымдарда 5-6 жас балаларына арналған

«Жас зерттеушілер» вариативтік бөлім бағдарламасының мазмұны негізінде балалардың ізденушілігін, қызығушылығын, шығармашылығын қалыптастыра аламыз. Танымдық, шығармашылық, тұлғалық қа-

білеті жоғары болады. Әр бала өз бетінше бір нәрсені ойлап табуға, құрастыра білуге, шешім қабылдауға, топпен жұмыс жасай білуге, коммуникативтік байланыс орнатуға бейім болады, әрбір іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауды үйренеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспары (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусым №391 бұйрығы).
2. Мектепке дейінгі ұйымдарда үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлімін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар/- Астана, 2016.- 23 бет.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 ҚРҰҚ).

Болат АУВАКИР,
Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогика және психология институты
Мектепке дейінгі, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану білім беру бағдарламалар бөлімінің аға оқытушысы п.ғ.м.
Аялым ОРАЗГАЛИЕВА,
Аяжан ДЖУМАБАЕВА,
Алина ТАСТАМБЕКОВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогика және психология институты
Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының 4-курс студенттері.
Алматы қаласы